

#КүшімізБірлікте

Алматыны өркендету және жергілікті жұрттың тұрмыс сапасын жақсарту менің айрықша назарымда. Қазір біздің алдымызда зор міндеттер мен ауқымды жұмыстар тұр. Оны жүзеге асыруға алматылықтар барынша атсалысады деп сенемін.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.


ТҰЛҒАТАНУ



«АЛМАТЫДАН СӨЙЛЕП ТҰРМЫЗ!»

6

«АҚШАМ» АРҚЫЛЫ АЙТАМЫЗ



ЖОЛ МӘСЕЛЕСІ ӨЗЕКТІ БОЛЫП ТҰР

10

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 24 наурыздағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА I компонентпен

1 094 890

II компонентпен

1 071 110

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 24 наурыздағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА I компонентпен – **9 443 551** адам, II компонентпен **9 127 841** адам вакцина салдырды.

Ревакциналанғандар саны – **3 153 678**

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

25.03.2022

Түнде:



-1+1 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман, көктайғақ.

Күндіз:



+7+9 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

26.03.2022

Түнде:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашын (жаңбыр, қар).



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты.



Желдің жылдамдығы: 3-8, екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Наурыз

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №31 (6166) 25 наурыз, жұма, 2022 жыл.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

АЛМАТЫ – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ РУХАНИ, МӘДЕНИ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Мемлекет басшысы «Астана» алаңында өткен мерекелік шараға қатысты



Алматы қаласына жұмыс сапарымен келген Президент «Астана» алаңындағы мерекелік шараға арнайы барды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтап, бұл мейрам Наурыздың ежелден жақсылық пен жасампаздықты дәріптейтін мереке екенін атап өтті.

— Күн мен түн теңеліп, күллі табиғат қайта жаңаратын Әз-Наурызды қарсы алуға бабаларымыз ерекше мән берген. Жыл басын — Ұлыстың Ұлы күні деп ардақтаған. Әз-Наурыз — береке-бірліктің, шынайы жанашырлықтың және өзара қамқорлықтың мейрамы. Мен бүгін Ұлыс күнін өздеріңізбен бірге қарсы алу үшін Алматы қаласына арнайы келдім. Алматы — Тәуелсіздігіміздің алтын бесігі. Халқымызға қайта оралған Ұлыс тойын мерекелеу осы қастерлі мекеннен басталған. Алматы — Қазақ елінің рухани, мәдени және іскерлік орталығы. Зиялы қауымның, өнер, білім, ғылым, бизнес салаларының өкілдері осында шоғырланған, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ:

АЛМАТЫДА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАҚСЫ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН

Министрлік Алматы қаласының әкімдігіне білім беру саласында қосымша өкілеттіктер беру туралы шешім қабылдады

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Алматы әкімдігіне берілетін қосымша өкілеттіктер туралы әлеуметтік желіде пікір білдірді. «Жуырда Мемлекет басшысы Алматы қаласының маңызды нысанының бірі — Оқушылар сарайында болды. Президент балалармен әңгімелесіп, онда жасалған жағдаймен және Сарайдағы жаңғырту жұмыстарының нәтижесімен танысты. Алматыда қосымша білім беруді дамыту жұмыстары жақсы жолға қойылғанын атап өткім келеді.



(Жалғасы 2-бетте)

ҚЫСҚА...

• Президент тапсырмасына орай ҚР Үкіметі жанынан экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі комиссия құрылды.

• «Алматы қала жарық» кәсіпорны мемлекетке қайтарылады.

• Ресей 30 наурыздан бастап Қазақстан және Моңғолия шекараларымен өтуге қойылған шектеуді алып тастайды.

• Қазақстаннан дәрі-дәрмек шығаруға тыйым салынады.

• Чехия астанасында «Ахмет Байтұрсынұлы және Алаш» кітабының тұсауы кесілді.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АЛМАТЫ – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ РУХАНИ,
МӘДЕНИ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Сын сағатта тұрғындар
нағыз отаншылдықтың үлгісін көрсетті

Президент қаңтар оқиғасы кезінде қала тұрғындарының зор қауіп-қатерге төтеп бергеніне ерекше мән берді. Қазақстан халқын алдағы ауқымды міндеттерді бірлесе іске асыруға шақырды.

– Сын сағатта тұрғындар нағыз отаншылдықтың үлгісін көрсетті. Біз ауызбіршіліктің арқасында мемлекетімізді сақтап қалдық. Мен шаһарды қалпына келтіру үшін құзырлы органдарға нақты тапсырмалар бердім. Алматыны өркендету және жергілікті жұрттың тұрмыс сапасын жақсарту менің айрықша назарымда. Қазір біздің алдымызда зор міндеттер мен ауқымды жұмыстар тұр. Оны жүзеге асыруға алматылықтар барынша атсалысады деп сенемін. Бір ел, бір халық болып, жаңа Қазақстанды бірге құрайық. Алдымызда тұрған ауқымды міндеттер бар, көп жұ-

мыс бар. Сондықтан бәріміз бірге бір ел болып, осы міндетті атқарайық. Құрметті жастар, бірге болайық, бірге жұмыла еңбек етейік! Тұғыры мығым, бірлігі бекем еліміз жасай берсін! Қазақстанымыз жасай болсын! Баршаңызға аманшылық тілеймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанымызға тоқталып, өзінің халыққа Жолдауында айтылған көлемді реформалар елімізді түбегейлі жаңғыртуға бағытталғанын атап өтті. Президент бүгінгі мерекелік күннің жаңа өзгерістерге бастауына, тұғыры мығым, бірлігі бекем еліміздің жасай беруіне тілектестік білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтау сөзінен кейін жиналған жұртшылықпен бірге мерекелік концертті тамашалады.

Үстел теннисі орталығы

Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық үстел теннисі федерациясының барлық талабына сай келетін Алматыдағы жаңа Үстел теннисі орталығын аралап көрді.

Президентке спорт кешенінің инфрақұрылымы таныстырылды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы жас спортшы қызбен теннис ойнады. Қасым-Жомарт Тоқаев жас

спортшыларға сәттілік тілеп, теннис ракеткасына қолтаңба жазып берді.

Заманауи орталықта жарыс өткізетін 12 және жаттығу жасайтын 24 үстел бар. Зал үстел теннисіне қажетті алты автоматты тренажермен, кәсіби бейне және аудио құрылғылармен, көрермендерге арналған 328 орындықты трибунамен жабдықталған.

Оқушылар сарайы –
ғылым мен білім ордасы

Мемлекет басшысы жұмыс сапарының бағдарламасына сәйкес, Алматы қаласындағы маңызды архитектуралық ескерткіштердің бірі – Оқушылар сарайын аралап көрді.

Президентке ғылым-білім орталығын қайта қалпына келтірудің және жаңғырту-дың алғашқы кезеңінің нәтижелері мен жоспары туралы мәлімет берілді. Сондай-ақ, Алматы қаласы әкімдігінің балалардың бос уақытын тиімді өткізуге жағдай жасау үшін атқарып жатқан жұмыстары жөнінде айтылды. Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев балалардың көркем шығармашылық жұмыстарының көрмесімен

және Сарайдың жаңа инновациялық қызметімен танысты.

Мемлекет басшысы биология және нейротехнология, гидропоника, 3D модельдеу және робот жасау зертханаларын, сондай-ақ анимация, дыбыс жазу, білім беру медиажобаларына арналған студияны аралап көрді. Оқушылармен әңгімелесті және оларды Наурыз мерекесімен құттықтады. Президент балаларға сыйлықтар тарту етті, соның ішінде мобильді құрылғы арқылы басқарылатын соңғы үлгідегі оқу телескопын сыйға тартты. Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев Оқушылар сарайына автобус сыйлады.

Шағын және орта бизнес
өкілдерімен кездесті

Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтар оқиғасы кезінде бұзақылардың шабуылына ұшыраған Алматыдағы «Asia Park» сауда ойын-сауық орталығына барды.

Президентке зардап шеккен кәсіпкерлер тарапынан түскен өтініштердің бәрі қарастырылып жатқаны туралы мәлімет берілді. Алматы әкімдігінің ақпаратына сәйкес, қазір барлығы 1236 өтініш қолдау тапқан. Жалпы 6,191 млрд теңге көмекке бөлінді. Сонымен қатар, жуық арада шығын көлемі шамамен 20 миллиард теңге болатын тағы 170-ке жуық өтініш қаралатыны айтылды.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев зардап шеккен орта және шағын бизнес өкілдерімен кездесті. Мемлекет тарапынан шығыны өтелген жеке кәсіпкерлер қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

Президент шағын және орта бизнеске қолдау жалғасатынын, зардап шеккендердің шығыны өтелетінін жеткізді.

Мемлекет басшысы кәсіпкерлермен кездесуден кейін нысандағы қалпына келтірілген сауда нүктелерін аралады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МИНИСТР

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ:

АЛМАТЫДА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ
ЖҰМЫСТАРЫ ЖАҚСЫ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН

Министрлік Алматы қаласының әкімдігіне білім беру саласында қосымша өкілеттіктер беру туралы шешім қабылдады

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Атап айтқанда:

• Қолданыстағы Оқушылар сарайын толықтай жаңғыртып қана қоймай, сонымен бірге заманауи екі инновациялық шығармашылық орталығы пайдалануға беріледі.

• Келесі жылы ескі ғимараттарды бұзып, 3 Оқушылар үйінің құрылысын салу жоспарланып отыр. Қазіргі күні жобалау жұмыстары басталып кетті.

• Мектептердің спорт алаңдарын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

• Жас туристер мен натуралистер (табиғаттанушы) станциялары жаңартылады.

• Мемлекеттік білім беру, шығармашылық және спорттық тапсырыстар орналастырылуда.

Жалпы, қазіргі таңда Алматы қаласы әкімдігінде басқа өңірлермен салыстырғанда білім саласын дамытуда барынша біртұтас және дәйекті саясат жүргізіліп жатқанын

мойындау керек», – деп жазды министр Facebook парақшасында.

Сол себепті, қала басшылығының саланы дамыту ұстанымын, шаһардың қолда бар қаржылық мүмкіндіктері мен кадрлық әлеуетін ескере отырып, министрлік Алматы қаласының әкімдігіне білім беру саласында қосымша өкілеттіктер беру туралы шешім қабылдаған.

«Министрліктің нормативтік актілеріндегі арнайы шарттар мен құзыреттерді қарастырамыз. Соны-



мен қатар, қаланың білім беру ұйымдары біздің негізгі инновациялық алаңдарымызға айналады. Өз тарапынан әкімдік барлық жаңа бастаманы қаржылай және ұйымдастырушылық жағынан қолдауға

міндеттеме алады. Ал министрлік барлық жарияланған міндеттеменің орындалуын бақылауда ұстайды», – деп атап өтті Асхат Аймағамбетов.

Динара МҰРАТ.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Ерлан ҚАРИН,
ҚР Мемлекеттік хатшысы:

ЕКІНШІ РЕСПУБЛИКА – МЕМЛЕКЕТТІК ҮЛГІНІҢ ЖАҢАРУЫ

Мемлекет басшысының Алматыға жұмыс сапары барысында айтылған «Екінші республика» деген тұжырымы туралы ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин түсініктеме берді. «Кейбір сарапшылар бұл түсініктің астарында не жатыр және бұған дейін жарияланған «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасына оның қатысы қандай деген сауал қойып отыр. Шын мәнінде, осы екі идеологияның мәні бір, тек акценттерінде ғана айырмашылық бар. Жаңа Қазақстан – ол жалпы біздің еліміздің болашағының бейнесі», деп жазды Ерлан Қарин Telegram каналында.

Оның айтуынша, бұл қоғамдық құндылықтарды жаңарту мен ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру қажеттігін айғақтайды. Бұл еліміз қаңтар оқиғасынан кейін немесе Жолдаудан кейін бірден Жаңа Қазақстанда өмір сүре бастады дегенді білдірмейді. Жаңа Қазақстанды құру бір сәтте іске аса қоймайды. Мұның өзі қоғамдық трансформацияның терең де ұзақ процесі.

«Президент Жолдауда саяси реформалардың жаңа басымдықтарын жариялаған-



нан кейін, билік институттары арасында жаңа конституциялық теңгерімді қалыптастыру туралы сөз қозғалып отырғаны көпшілікке түсінікті болды. Бірінші кезекте ол басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен мықты Парламентті бар Президенттік республикаға біржола көшу бастамасына қатысты. Мемлекет басшысының биылғы Жолдауын жүзеге асыру аясында Конституцияның 30-дан астам бабына өзгеріс енгізу және 20-дан астам заңды қабылдау ескерілген. Бұл – реформалардың өте ауқымды жоспары. Белгіленген жаңарулар саяси жүйенің барша конфигурациясын елеулі түрде өзгертеді», – деп мәлімдеді Мемлекеттік хатшы.

Осы орайда ол азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысуын кеңейтуге, жаңа

саяси мәдениетті қалыптастыруға екпін қойылып отырғанына маңыз берді. «Жалпы, тек мемлекеттік басқару үлгісін ауыстыру басталғаны жайында ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік әрі қоғамдық парадигманың өзгеруі туралы айтуға болады. Бүгінде осы процесті нақты белгілеу үшін Президент «Екінші республика» анықтамасын қолданды. Бұған қоса, Екінші республика – ол жақында қолға алынатын айқын мақсат. Себебі, Мемлекет басшысы бастама еткен саяси реформаларды жүзеге асыру осы жылдың ішінде жоспарланған. Жаңа Қазақстан – қоғам мен ұлттың жаңаруы болса, ал Екінші республика – мемлекеттік үлгінің жаңаруы», – деп тұжырымдады Ерлан Қарин.

ӘКІМ

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Қала басшысы Бостандық ауданындағы міндетті медициналық сақтандыру жүйесі бойынша 18 мыңға жуық адамға қызмет көрсететін «Керуен-Medicus» медициналық орталығының жұмысымен танысты



Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

Халыққа нейрохирургия, нейрореабилитация, урология және т.б. қызмет түрлері қолжетімді, сондай-ақ орталық босандыру, педиатрия, хирургия, маммология және т.б. бағыттар бойынша ақылы қызмет көрсетеді.

Ұжыммен кездесу барысында Ерболат Досаев медициналық орталық қызметтерінің жоғары сапасын және денсаулық сақтау саласына жеке инвестициялаудың маңыздылығын атап өтті.

«Алдағы 3 жылда қаламыздың денсаулық сақтау жүйесінің инфрақұрылымын жаңғырту – менің жұмысымдағы басымдықтардың бірі. Өкінішке қарай, соңғы жылдары бізде барлық заманауи стандарттарға сәйкес келетін бірде-бір жаңа көпбейінді аурухана пайда болған жоқ. Біз жағдайды өзгерте аламыз деп ойлаймын, бірақ бұл үшін уақыт қажет. Алдағы үш жылда жүйелі жұмыс жүргізу қажет», – деді қала басшысы.



Қазіргі уақытта «Керуен-Medicus» медициналық орталығында анағұрлым талап етілетін бағыттардың бірі ретінде босандыру қызметтерін дамыту және кеңейту үшін жаңа корпусның құрылысы жүргізілуде. 40 орынды перзентхана құрылысы хирургия, нейрохирургия, ортопедия, травматология

және балалар хирургиясы сияқты бағыттар бойынша клиниканың мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Жаңа корпусның құрылысы аяқталғаннан кейін қосымша 150 жұмыс орны ашылады. Нысанды 2023 жылдың наурыз айында пайдалануға беру жоспарланған.

ШЕШІМ

ҚАЛА МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛАДЫ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматы әкімдігі мен бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігі ШЖҚ «Алматы қала жарық» МКК-ның коммуналдық меншігіне қайтару бойынша бірлескен жұмыс жүргізді. Компания қаланың сыртқы жарықтандыру жүйелерін автоматтандырылған және орталықтандырылған басқаруға жауап береді.

2021 жылдың желтоқсан айының соңында Алматы қаласы әкімдігінің қаулысымен тендер арқылы «Алматы қала жарық» ШЖҚ МКК жүзеге асырылды. «ABM Group.com» ЖШС жеңімпаз деп танылды. Мәміле 4,6 млрд теңгені құрады, болжамды құны 14,8 млрд теңге.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті 2020-2021 жылдарға арналған қаланың сыртқы жарықтандыру жүйелерін автоматтандырылған орталықтандырылған басқаруды ұсыну бойынша қызметтерді көрсету нарығындағы бәсекелестік жағдайына талдау жүргізді. Осы на-



және бәсекелестікті шектейді.

«Алматы қала жарықты» жекешелендіру стратегиялық мемлекеттік кәсіпорынның жоғалуына әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты Алматы әкімдігі Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің хабарламасы негізінде «Алматы қала жарық» ШЖҚ МКК жекешелендіру туралы шешімнің күшін жою шараларын қабылдауда.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда жастар практикасы бойынша жалақы

122,5 мың теңге



Биыл шаһардағы спорттық секциялар мен үйірмелерді қаржыландыруға мемлекеттік бюджеттен

3,2 миллиард теңге бөлінді



Алматыда

230 мыңға жуық

зейнеткер тұрады



Мегаполистегі магистралды көшелердің ұзындығы

531 шақырым



Алматыда жасыл желекті суаруға арналған

168 шақырым

арық желісі бар



ДЕПУТАТТАР

АРНАЙЫ МЕКЕМЕЛЕРГЕ БАРДЫ

Досбол
АТАЖАН

Парламент Сенатының депутаттары Алматыдағы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының жұмысымен танысты.

ҚР Парламентінің Сенат депутаттары Ләззат Қалтаева, Нұртөре Жүсіп, Сұлтанбек Мәкежанов, Дана Нұржігітова және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының басшысы Назира Тоғызбаева «Демеу» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығына, «Алатау» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығына және «Шаңырақ» әлеуметтік қызметтер орталығына барып, орталықтардың жұмыстарымен танысты.

Тессапар барысында Сенат депутаттары және қала әкімдігінің өкілдері арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының ғимараттарын аралап, асхана мен емдік және жатын бөлмелердің, демалыс орындарының жағдайларын көрді. Ем алушылармен және дәрігерлермен жеке сөйлесіп, олардың қажеттіліктерін білді. «Алатау» арнаулы



әлеуметтік қызмет көрсету орталығында билік өкілдері ем алушылардың ата-аналарымен кездесіп, олардың орталық жайлы пікірімен, тілек-талаптарымен танысты.

– Қазіргі уақытта бұл орталықтың жұмысына ешқандай шағым жоқ. Тамақ уақытылы әрі жақсы көлемде беріледі. Тек 40-тан асқаннан кейін баламызды бұл

жерден шығарып жібермей ме деп алаңдаймыз, – деп ата-аналардың бірі алаңдаушылықтарымен де бөлісті.

Сенат депутаттары және қала әкімдігінің өкілдері айтылған мәселелер бойынша тиісті шаралар қабылданатынын айтты. Әсіресе, «Демеу» мен «Алатау» орталықтары ғимараттарының жағдайы

мен тамақпен қамтамасыз ету мәселесіндегі айырмашылықтарға алаңдаушылық білдірді. «Демеу» орталығында тамақтану үшін адам басына 1700 теңге, ал «Алатау» орталығында 2600 теңге бөлінеді екен. Билік өкілдері осы сынды мәселелердің себебін анықтап, алдағы уақытта шешімін табуға уәде берді.

#ЖОЛДАУ2022

ЕЛДІҢ ОРТАҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ
ӘДІЛЕТТІ ЖАУАП БОЛДЫ

Динара МҰРАТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын талқылау мақсатында қалалық мәслихат депутаттары Достық үйінде бас қосып, өздерінің пікірлерін білдірді.

«Дөңгелек үстелді» Алматы қалалық мәслихатының хатшысы Станислав Канкуров жүргізіп отырды. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы халықтың көңілінен шыққанын, елдің ортақ мәселелеріне әділетті жауап болғанын атап өтті.

«Біздің әрқайсымыз «Ертең не болады? Біз қалай өмір сүреміз?» деген сұрақтарға жауап іздейтініміз рас. Қазіргі уақытта түрлі саяси реформалар жүргізілуде, олар бірінші кезекте қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталғанын ұмытпау қажет. ҚР Президентінің әділ шешімдер қабылдап жатқанын атап өткім келеді», – деді Станислав Канкуров.

Жиын барысында мәслихат депутаттары өздерінің ойлары мен ұсыныстарымен ортаға салды.



Болат САДЫҚОВ,
мәслихат депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму, жастар және қоғамдық коммуникациялар жөніндегі тұрақты комиссия төрағасының орынбасары:

– Біз бар жұртшылық күткен нағыз тарихи Жолдаудың куәгері болдық. Өлі күнге дейін алған әсерімді жеткізуім қиын. Біздің Президент тәртіпті алдымен өзінен бастады. Ол халық алдында адал қызмет атқару үшін оның туысқандары, жақындары мемлекеттік қызметке тағайындалмайтынын айтты. Бәрі осы сөзді күткен болатын. Енді бұл тәртіп тек Мемлекет басшысына ғана емес, басқа да мемлекет қызметкерлеріне қатысты болмақ. Депутаттарды сайлауға келер болсақ, енді Президент өзі бір-екі кандидатура ұсынбақ, яғни мүлдем басқа сайлау болады. Қала мен облыстарда мәслихат құзыреттілігі жергілікті атқарушы билік күшінен тәуелсіздік алады, депутаттар корпусына салмақ түспек. Бәріміздің алдымызда маңызды да жауапкершілігі мол міндеттер тұр, соны ұмытпайық.



Көпесбай ЖӘМПЕЙІСОВ,
мәслихат депутаты, Алматы УОС ардагерлері кеңесінің төрағасы:

– Біз Қазақстанның жаңа тарихының бастауында тұрмыз. Президент еліміздің даму реформалары бойынша барлық ұсыныстарды ғылыми дәлелдемелерге негіздеп отыр. Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік басқаруды өзгергісі келетіні өте маңызды. Мемлекет басшысы ақыл-парасаттылығы мен терең білімінің арқасында елдің мүддесі үшін адал жұмыс істейді деп ойлаймын. Ол барлық қазақстандықтарға демократияландыру жолымен жүруге мүмкіндік береді. Ең бастысы, адамдардың әл-ауқатын арттыру қажеттілігін ұмытпады. Сонымен қатар, күшті Парламентпен ғана біздің еліміз өсетінін атап өтті. Билік органдарында ұйымшыл адамдар неғұрлым көп болса, қаңтардағы оқиғалардың қайталану мүмкіндігі соғұрлым аз болады. Мені «Ақ жол» партиясының саяси бағдарламасы Президент ұсынған реформалармен сәйкес келетіні қуантады. Біз бірге болып, Президентке қолдау көрсетуіміз керек екенін түсінгеніміз жөн. Біз жаңа Қазақстанды басқаша құруға талпынбағанымызша, біздің жағдайымыз жақсара қоятыны екіталай.



БАҒЫТЫ МЕН БАҒДАРЫ АЙҚЫН

Динара
МҰРАТ

Сарапшылар Мемлекет басшысы ұсынған еліміздің экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасын пысықтады.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі мен Философия, политология және дінтану институты ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауына арналған «Дөңгелек үстел» өткізді.

Талқылау барысында құжатта мемлекет дамуының түрлі бағыттары, соның ішінде ішкі саяси және қоғамдық даму, экономика, әлеуметтік сектор бойынша іс-қимылға нақты нұсқаулар қамтылғаны атап өтілді.

Алғашқы сөз кезегін қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, саясаттану ғылымының докторы, профессор Ақан Бижанов алып, мазмұны бөлек, ауқымы терең Жолдаудың маңызына тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел өмірінің болашағын айқындайтын саяси реформалардың бағыты мен бағдарын ұсынып отыр. Жолдауда экономикалық өмірімізді үлкен кеңістікке алып шығатын, әлеуметтік қиындықтарды шешудің нақты жолдары ұсынылды. Сонымен қатар, Президентіміз көптің көңілінде жүрген мәселелерді таразылап, талдап айтып берді. Мағынасы терең, мағыналы Жолдау баршамазды бірлікке үндеп, жанарған Жаңа Қазақстанның алғышарттарын қамтамасыз етері анық, – деді Ақан Құсайынұлы.

Саяси ғылымдар докторының пікірінше, Жолдау болашаққа арналған жоспарды білдіреді, ал құжаттың тезистері қызметтің әртүрлі салаларын дамыту бойынша бағдарламалар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

– Бүгін біз іргелі өзгерістердің алдында тұрмыз. Біз жаңа Қазақстанның не екенін түсіне бастаймыз. Жаңа Қазақстан – тең жағдай мен мүмкіндіктер жасауға бағытталған теңдестірілген, әділетті, сезімтал мемлекет, – деп жалғастырды профессор.

Философия, саясаттану және дінтану институты саяси зерттеулер орталығының директоры Айдар Әміребаев мемлекеттің тұрақтылығы ұрпақтар сабақтастығына, бір-бірінен тәжірибе алу қабілетіне байланысты екенін атап өтті.

– Бұл Жолдауда да атап өтілгендей, біз алдыңғы ұрпақтардың тәжірибесін қабылдай отырып, елдің бірлігі мен келісімін нығайта отырып, алға жылжуымыз керек. Сонда ғана біздің ел дұрыс бағытқа негіз таба алады, – деп түйіндеді Айдар Әміребаев.

«Дөңгелек үстелге» жиналғандар ел тәуелсіздігі жолында қуатты мемлекет құрудың алғышарттарын жасалған Жолдау белгілеп берген он басымдықтың артықшылықтарына жеке-жеке тоқталды.

Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Шәкірова жаңа облыстардың құрылуы көпшіліктің көкейінде жүрген мәселе екеніне тоқталып, былай деді:

– Мемлекет басшысы Жолдауда кезінде облыс мәртебесінен айырылған өңірлердегі тұрғындардың саны азайып, тұрмыс сапасының төмендеп кеткенін баса айтты. Ол жағдай, әрине жасырын емес. Оны барлығымыз көріп отырмыз. Жаңадан құрылатын Абай, Ұлытау, Жетісу облыстары мен Қапшағай қаласына Қонаев бабамыздың есімінің берілуі – нағыз ұлағатты тәрбие дер едім. Осылайша ұрпақ санасына ұлттық құндылықтарымыздың жаңғырары сөзсіз.

Келесі кезекте қаламыздың қадірменді ардагерлері К.Жәмпейісов, А.Әміребаев, М.Мәжитов, Л.Кочетова, С.Бейісбаев, В.Устюгов, Р.Қадыржанов сөз алып, өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды.



САРАПТАМА



ДОЛЛАР ДҮРБЕЛЕНІ: НӘТИЖЕДЕН НЕ КҮТЕМІЗ?

Жылдың бірінші тоқсанында доллар бағамының күрт өзгеретіні үйреншікті құбылысқа айналды. Жалпы валюта бағамы – сәт сайын құбылатын ауа райы тәрізді. Соған сәйкес қарапайым халықтың да болашақтағы тұрмыстық болжамы өзгеріп тұрады. Әркімнің тірнектеп жинаған тиын-тебені бар. Біреудікі – көп, біреудікі – аз. Дегенмен, аз ақшаның өзін көптей көріп, үнемдеп ұстайтын заманда валюта бағамының күрт өзгеруі кімді де болмасын бей-жай қалдыра алмайды.

Қазір Алматы банктерінің бөлімшелеріне бас сұға қалсаң, ығы-жығы адам көресің. Сейфуллин – Абылай хан көшесінің қиылысындағы «Халық банк» бөлімшесінде де дәл осындай жағдайға куә болдық. Есік көзіндегі қызметкерден сұрағанбыз, ол жағдайды адамдардың жаппай доллар ала бастауымен түсіндірді. Оның үстіне, бір адамға күніне 1000 доллардан артық қаржы берілмейтін көрінеді. Қызметкер қыз кейбір адамдардың күн сайын қайта-қайта келіп, есеп шотынан доллар алатынын айтады. Кейінірек білдік, оның да сыры бар екен, кейбір пысықтардың қолындағы көк қағазды сайт арқылы 800 теңге көлемінде бағамен саудалайтыны да белгілі бола бастады. Демек, қазіргі валюта бағамынан көлеңкелі табыс көзін іздеушілер де бар деген сөз. Бұл мәселенің бір жағы.

Бүгінгі доллар бағамына келсек, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің деректеріне сәйкес АҚШ долларының бағамы – 505,22, еуро – 558,72, ал рубль – 4,90 теңге. Өткен жылдың сәйкес мерзіміне салыстырғанда, валюта бағамының күрт өзгергені байқалады. Әлбетте оған алдымен әлемдегі саяси ахуал, Украинадағы соғыс себеп. Оның үстіне, бұл мезгілсіз басталған қырғынның басты қатысушысы біздің Еуразиялық одақтағы басты әріптесіміз болып отыр. Демек, бұл – соғыстың экономикалық әсері бізді де айналып өтпейді деген сөз. Жасыратыны жоқ, кез келген тәуелсіз мемлекет үшін ұлттық валюта бағамы – мемлекеттің сыртқы саясаттағы имиджінің басты көрсеткішінің бірі. Жағдайды бағамдасақ, қазақ билігі де осы бір тығырықтан сәтті шығудың жолын іздеп жатқанға ұқсайды. Соның бір шарасы – ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев күні кеше ғана елден валюта шығаруға шектеу қойды. Атап айтқанда, Қазақстаннан шетке шығарылатын доллардың мөлшері 10 мыңнан аспауға тиіс. Шетке шығатын ұлттық валютаның да өлшемді мөлшері бар. Себебі, кейбір деректерге қарағанда, Ресейдің Қазақстанмен іргелес облыстары тұрғындарының жаппай теңге сатып алу тенденциясы да байқалатын тәрізді.

«Мысыққа – ойын, тышқанға – өлім керек» деген осы шығар, Еуразиялық кеңістікте, соған қарағанда, теңгенің де әртүрлі валюталық ойындардың тетігіне айналуы әбден мүмкін дейді кейбір скептиктер.

Ұлттық валютаның соңғы жағдайына байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі тек өткен аптаның ішінде ғана 421,9 миллион доллардың интервенциясын жасады. Әлемдік қаржы нарығындағы жағдай әлі де болса тұрақсыз. Ішкі валюта нарығындағы тұрақсыздықтың алдын алу үшін 9 наурыздан бері Қазақстан қор биржа-

сындағы доллар-теңге айналымы Франкфурт акционы форматына сәйкес жүргізіле бастады. Дәл сол күні Ұлттық банктің долларлық интервенциясының көлемі 198,9 миллион долларға жетті. Басқаша айтқанда, сол күнгі жалпы валюта саудасының 94,4 пайызын құрады. Валюта интервенциясының басты мазмұны – ел экономикасын ішкі валюта нарығындағы теңсіздіктен сақтау. Алдағы уақыттағы валюта нарқына Ресейге салынған санкциялардың әсері болмай қалмайтынын Ұлттық банк те мойындап отыр. Дегенмен, соған сәйкес отандық қаржыгерлер тарапынан жасалып жатқан әрекеттер де жоқ емес.

Басты мәселе – ұлттық экономиканы дағдарыстан, бәрінен бұрын ауыр инфляциядан сақтау. Таяуда өткен Үкімет отырысында Қазақстан Республикасы Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов ықтимал инфляция туралы мәлімдеме жасады. Оның айтуынша, 2022-2023 жылдардағы бағдарлы дәлізден жоғары инфляция қаупі алдымен геосаяси жағдайға байланысты көрінеді. Соған сәйкес, тек соңғы айда ғана Қазақстандағы жылдық инфляцияның бір айлық мөлшері 8,7 пайызға артқан. Алдымен инфляцияның күшеюіне азық-түлік тауарларының бағасының өсуі себеп болуда. Бәрінен бұрын нан өнімдері, тары мен күріш, сүт өнімдері мен көкөніс 10 пайызға дейін қымбаттап отыр. Бұл деректің Ұлттық банктің басшысы тарапынан келтіріліп отырғанын ескеруге тиістіміз. Соған қарағанда, азық-түлік қымбатшылығы алдағы уақытта да жалғасын табадына ұқсайды.

Қазақстан Республикасының үкіметі инфляцияны тежеу үшін 2022–2024 жылдарға арналған кешенді шаралар қабылдады. Өйткені, инфляцияны тежеу бұрын белгіленген бағаны тұрақтандыру мораторийлеріне тікелей әсер етпек. Пірматов мырзаның айтуынша, бәрінен бұрын жанар және жағармай бағасының көтерілуіне мораторий жариялау қажет. Ол үшін нарықтық бағаның құрылуына жағдай жасап, ағымдағы сауданы бақылауда ұстаудың қажеттілігі айтпаса да белгілі.

Қорыта келгенде айтпағымыз, бүкіл әлемдегі сияқты біздің елімізде де қаржылық-экономикалық дағдарыстың шеті көріне бастады. Оған ұлттық валютаның әлсіздігі, бірінші қажеттіліктегі тауар бағасының қымбаттауы, ықтимал инфляция қатері куә. Алайда, кейбір оптимист сарапшылардың айтуынша, инфляцияның, теңге бағамының арзандауының, соған сәйкес тұрмыстық тауарлардың қымбаттауының алдын алу мүмкіндігі әлі де бар көрінеді. Ендігі мәселе – сол мүмкіндіктерді тиімді пайдалана білуде.

Өмірзақ МҰҚАЙ.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

Жастарға мемлекеттік қолдау



Досбол
АТАЖАН

Кәсіпкерлікті дамыту бойынша ұлттық жобаға 35 мыңға жуық жас қатысты.

2022 жылдың наурыз айындағы жағдай бойынша «Жастар» санатына кіретін 34,9 мың адам 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның қатысушыларына айналды. 24 мың адам жұмысқа, оның ішінде 10,7 мыңы – тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды.

Субсидияланатын жұмыс орындарына 13,3 мың жас жіберілді. Олардың 3,6 мыңына «Жастар практикасы», «Ұрпақтар келісім-шарты» және «Алғашқы жұмыс орны» жобалары шеңберінде мемлекеттік қолдау берілді. 1,7 мың адам әлеуметтік жұмыс және 8 мың адам қоғамдық жұмыс орындарында қызмет етуге мүмкіндік алды.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында «Жастар практикасы» және «Алғашқы жұмыс орны» жобаларына қатысу мерзімі тиісінше 12 айға дейін және 18 айға дейін, қатысушылардың жалақысын субсидиялау мөлшері – 30 АЕК-ке дейін, сондай-ақ бизнес-бастамаларды іске асыру үшін гранттар мөлшері 2 есе, яғни 400 АЕК-ке дейін ұлғайтылды (1,2 млн теңге).

Тек 2021 жылы ғана мемлекеттік бағдарлама бойынша жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен қамту



34,8%-ды құрады (226,2 мың адам). Оның ішінде 145,4 мың адам тұрақты жұмысқа орналастырылды, 74,2 мың адам әлеуметтік жұмыс орындарына, жастар практикасына және қоғамдық жұмыстарға тартылды.

ТЖКБ ұйымдарында және қысқа мерзімді оқыту шеңберінде 20 мыңнан астам адам мамандық алды. Жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге 887 жас қоныс аударды.

2021 жылғы 4-тоқсандағы деректер бойынша Қазақстанда 1 млн 987 мың жас (15–28 жас аралығындағы) экономикалық белсенді болып табылады, оның ішінде 1 млн 914,2 мың адам немесе 96,3%-ы жұмыспен қамтылған. Жұмыспен қамтылған жастар арасында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны 416,4 мың адамды немесе 22%, жалдамалы қызметкерлер саны – 1 млн 497,7 мың адамды немесе 78%-ды құрады.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Бекіре өсіру – бағалы іс



Дос
ОРЫНБЕКҰЛЫ

Биыл балық өсіру көлемін 8 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда.



Өткен жылы Алматы облысында 6 мың тоннаға жуық балық өсірілсе, биыл оның көлемін 8 мың тоннаға жеткізу жоспарлануда. Сондай-ақ, Арал бекіресі қолдан өсірілетін болады. Алматы облысында балық өсіретін 22 шаруашылық бар. Солардың бірі Марлен Тұрсынәліге тиесілі. Былтыр кәсіпкер 50 тонна бактақ балығын өсірсе, биыл 160 тоннаға көбейтпек. Өйткені, қазір өңірдің Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласында балық өсіретін тоғандарды салып жатыр. Алдағы екі айда құрылыс жұмыстары аяқталатынын айтады. «Жылына 220 тонна форель балығын, 50 тонна бекіре балығын, 100 тонна африкалық (клариви дейтін) сом балығын өсіреміз. Шаруашылықтарымызда 50-ге жуық адам еңбек етеді. Өздеріңіз көрген жерді инвестициялық жобамен алдық. Алдағы екі айда құрылыс жұмыстары толықтай аяқталады. Сол кезде қуаттылығы 120 тонна болатын су тоғандарында қосымша тағы да бактақ балығын өсіреміз. Әрі қарай ішкі нарыққа сатылымға шығарамыз», – дейді кәсіпкер Марлен Тұрсынәлі.

Сонымен қатар, Шелек тоған шаруашылығында осы жылдың сәуірінен бастап

Арал бекіресі өсірілетін болады. Бұл су маржаны 1996 жылы ерекше қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілді. Алайда, Арал-Сырдария су бассейнінде ағамыш балық түрі жойылып кеткен. Бірақ жерсіндірілген Балқаш–Іле су бассейнінен бүгінде ауланады. Сөйтіп, шаруашылықта оны қолдан әрі қарай өсіруге бейімдеп, уылдырығы мен шабағын табиғи ортаға қайтадан жібереді.

«Біз түрлі сараптамадан өтіп, аулауға рұқсат алу үшін биологиялық негіздемені Балық шаруашылығы комитетіне жібердік. Қаулы шыққан соң сәуір айында табиғи ортадан аулап, қолда өсіруге биімдейміз. Ересек аналықтардың уылдырығынан шабақтарды шығарып, қайтадан табиғи ортаға жібереміз. Бұл өз кезегінде жойылып бара жатқан бағалы балық түрін сақтап қалуға сеп болады», – дейді шаруашылық директорының орынбасары Мейрамбек Пазылбеков.

Алматы облысының өзге өңірлерге қарағанда балық өсіруге әлеуеті жоғары. Сондықтан балықты қолдан өсіремін деген ниет білдірушілер көп.

«Алматы облысында су және жасанды сулар көп, табиғи көлдер де баршылық. Биыл сол табиғи көлдерді балық өсіру үшін бекітіп, жылдың соңына қарай 8 мың тоннаға дейін балық өсіруге жоспарымыз бар. Өткен жылы Алматы облысының бюджетінен тауарлық балық өсіруді субсидиялауға 32,1 млн теңге қаражат бөлінді, оның 16,2 млн теңгесі игерілді. Қалған 15,8 млн теңге өтініш түспегендіктен бюджетке кері қайтарылды. Биыл облыс бюджетінен тауарлық балық өсіруді субсидиялауға 38,0 млн теңге бөлу жоспарлануда», – дейді Балқаш–Алакөл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Ринат Кумашев.

Өткен жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен балық шаруашылығын дамытудың 2021–2030 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді. Онда аталған жылдар аралығында қолдан өсірілген су маржандарының көлемін 270 мың тоннаға дейін ұлғайту көзделген.



● ЭНУАРБЕК БАЙЖАНБАЕВ – 100

«АЛМАТЫДАН СӨЙЛЕП ТҰРМЫЗ!»

«Қазақ радиосы үйінің» кіреберіс дәлізінде Әнуарбек Байжанбаевтың бюсті тұр. Әйгілі диктор қуатты қазақы қоңыр үнімен «Қазақ өнерінің киелі қара шаңырағына қош келдіңіз!» деп тұрғандай

Ертең 66 жыл өмірінің 50 жылын Қазақ радиосына арнаған Қазақстанның халық әртісі, әйгілі диктор Әнуарбек Байжанбаевтың туған күні.



Атақты диктор, «қазақтың Левитаны» атанған (дұрысы, Левитанды «қазақтың Байжанбаевы» деу керек) Әнуарбек Нығметжанұлы туралы сөз қозғағанда, оның жарты ғасыр өмірін арнаған Қазақ радиосы жайында айтпау ағаттық болар еді. Бір айта кетерлігі, егер Левитан тек ресми хабарларды оқумен шектелсе, Әнуарбек Байжанбаев барлық дерлік жанрларда – хабарлар мен туындыларды да шебер оқуымен ерекшеленген. Әдеби туындыларды, өлең-жырларды әуезді етіп оқығанда, тындаған адам әуенге ұйып, терме тындап отырғандай күй кешетін.

Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлының бастамасымен, Қазақ радиосы тұңғыш рет 1921 жылы 1 қазанда Орынбор қаласынан хабар таратты. Ұлтымыздың ұнжариясы атанған радио әр қазақтың шаңырағында таңды таңға жалғап бұлбұлша сайрап, құлақ құрышын қандырып келе жатқанына міне, биыл – бір ғасыр толды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 1 қазан – Радио күні болып белгіленіп, өткен жылы бірінші рет аталып өтті.

Еңбек жолы оқушы кезінен басталған

Алтай мен Атыраудың, Алатау мен Арканың арасын алып жатқан жазиралы бел мен айдынды көл, асқар таулар мен майсалы жер – қазақ халқының әлімсақтан келе жатқан құтты қонысы, мерейлі мекені. Осынау ұлан-ғайыр даланың иелерін асқақ әнімен оятып, күмбірлі күйімен дамылдатқан Қазақ радиосы – дәуір үні, замана дауысы, қоғамның жүрек лүпілі. Ғасырдан астам тарихы бар Қазақ радиосы талай «тар жол, тайғақ кешулердің», талай сүренсіз кезеңдердің куәсі болды. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық, 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін, 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі қалпына келтіру жұмыстары, тың игеру, тоқырау, қайта құру, Желтоқсан көтерілісі... Соңғы 30 жылдағы Қазақстанның Тәуелсіздігі, бәрі-бәрі Қазақ радиосының назарынан, ондағы қаламгерлердің қаламынан тыс қалған жоқ.

Бір ғасырдың қойнауында қаншама азаматтар еліміздегі өнердің және руханияттың қара шаңырағы атанған Қазақ радиосында еңбек ете жүріп, оның іргетасын қаласты. Ондай біртуар талантты өнер азаматтарының қатарында Ахмет Жұбанов, Мұқан Төлебаев, Латиф Хамиди, Әміре Қашаубаев, Шәкен Айманов, Әнуарбек Байжанбаев, Шәмші Қалдаяқов, Мұқағали Мақатаев, Ермек Серкебаев, т.б. жатқызуға болады.

...Әнуарбек Нығметжанұлы Байжанбаев 1923 жылы 26 наурызда Семей өңірі, Шыңғыс тауының бөктерінде дүниеге келген. Әкесі Нығметжан ұлы ақын Абайдың ауылдасы болған. Шешесі Фатиха өз заманында «әнші апа» атанған кісі екен. Кейінін әке-шешесі отбасылық жағдайға байланысты Алматыға қоныс аударады.

Қалаға көшіп келгесін ата-анасына қолғабыс ету мақсатында Әнуарбек «Социалистік Қазақстан» газетінің баспаханасына хат тасушы болып жұмысқа кіреді. Осылайша Әнуарбек еңбек жолын 1931 жылы мектепте оқып жүргенде небәрі 8-9 жасында бастапты. С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов секілді қазақтың классик жазушыларына хаттар, қолжазбалар, кітаптар жеткізіп беріп отырған. Қаламгерлердің арасында жүріп бала Әнуарбек көркем шығармаға ден қойып өседі.

1940 жылы Қазақ коммунистік журналистика институтына

оқуға түседі. Көп ұзамай Ұлы отан соғысы басталып алғашқылардың бірі болып майданға аттанған. 1943 жылы жаумен шайқаста аяғынан ауыр жаракат алып, елге оралады. Алматыға келгесін бала кезінде баспаханада бірге еңбек еткен, кезінде қамқорлығын көрген Омарғазы Оспанов деген азаматты кездестіреді. Ол сол уақытта республикалық Радиохабарын тарату комитетінің төрағасы екен. Бұрыннан жақсы таныс әрі майдангер жігітті радиоға дикторлыққа шақырады. Бұл шақыруды өмірдің қиындығын көріп, от пен оқтың ортасынан оралған Әнуарбек қуана қарсы алады. Өмірінің соңына дейін, 50 жылдай ғұмырын радиоға – жауапты дикторлық қызметке арнады.

«Алтын қорда» Байжанбаевтың оқуында 400-ден астам жазба сақталған

Ғасыр бойы жинақталған радионың «Алтын қорында» еліміздің танымал таланттарының дауыстары мұқият сақталған. Олардың қатарындағы Абайдың қара сөздері, академик жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы», «Халық қаһарманы», жазушы Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» еңбектерімен қоса, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әке туралы ой» кітабының аудионұсқасы радио эфирінен беріліп отырылады.

Қазақ радиосының «Алтын қорында» халқына кеңінен танымал Әбілахан Есбаев, Шәмші Қалдаяқов, Ілия Жақанов, Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиев, т.б. қазақ композиторларының шығармашылығы мен радиоада әр жылдары еңбек еткен өнер тұлғаларының жазылған дауыстары бар. Қазақ жастарын елдкке, ерлікке және Отанды сүюге үндейтін алтын дауыстар өскелең ұрпаққа өнеге ретінде радио эфирінен жиі ұсынылып тұрады.

Қазақ радиосының «Алтын қорында» Әнуарбек Байжанбаевтың оқуында 400-ден астам жазба, он мыңдай әдеби, музыкалық хабар сақтаулы. Оның Жеңісті хабарлағандағы мәліметі – баға жетпес асыл мұра.

«...Алматы уақыты – 6 сағат 37 тиын»

Әнуарбек барынша елгезек, әзілге жақын, ананы-мынаны ескере бермейтін аңқылдақ жан болыпты. Өз көңілі таза болғасын өзгені де сондай деп ойлайды ғой. Шығармашылық орта үнемі әзіл-оспаққа, әжуаға кенде болмайтыны белгілі. Сауық-сайранның бел ортасында жүретін Әнекеңнің де басынан

анызға бергісіз бірқатар қызықты да қиын оқиғалар өткен көрінеді... Бірде Әнекең жұмыстан түн ортасында оралады. Қатты шаршаған көрінеді. Ұлына: «Балам, таңғы сағат бес жарымда оятарсың, эфирге шығамын», – деп жатып қалады. Қазақ радиосынан таңғы сағат алты жарымда ауа райы туралы тікелей хабар беріледі. Соған Әнекең үлгеруі керек.

Баланың аты бала ғой, ұйықтап қалып, сағат алтыдан жиырма минут кеткенде шошып оянады да әкесіне жүгіреді. Әнекең төсектен тұра сала, босағада ілулі тұрған пальтосын қолына алып, далаға ұмтылады. Пәтерлері Бөгенбай мен Фурманов көшелерінің қиылысында екен. Такси ұстайды. Таксистке 1 сом 37 тиын төлеу керек болады. Радиоға жеткенде қалтасын қараса, 37 тиын жетпей қалады. Өтінген пішінмен таксистке: «Айып етпе, туысқан, менің жұмыс орным осы жер, күте тұр. Қазір әкеліп беремін», – деп ішке қарай жүгіріп кетеді. Эфирдің басталуына санаулы секундтар қалыпты. Студияға алқынып жеткен ол, асығып-аптығып: «Алматыдан сөйлеп тұрмыз, Алматы уақыты 6 сағат 37 тиын», – деп хабарлап жібереді. Дұрысы: «Алматы уақыты 6 сағат 30 минут» болуы керек. Жаңылысқанын артынан білген ол қатты өкінеді. Ешкімге қарыз болып көрмеген Әнекеңнің басынан таксистке берешек 37 тиын шықпай қалса керек. Ол кезде алдын ала оқып жазып қою деген болмайтын. Дикторлар эфирге жанды дауыспен шығатын. Радиодан әкесінің жаңылысқанын естіген ұлы зәресі ұшып анасына барып айтып береді. Анасы тіс жарып ештеңе демейді. Түбі жақсы болмайтынын сездіргендей сынай білдіреді.

Баласы Арыс осы оқиғаның немен біткенін былайша әңгімелейді: «37 тиын үшін әкем дикторлық қызметтен шеттетіліп, уақытша операторға көмекші болып жүрді. Ал оның сол кезде «Қазақстанның халық әртісі» деген атағы бар-тын. Бірде Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев Телерадио комитетінің төрағасы Хамит Хасеновтен: «Әлгі гүрілдеуік қайда? Біраздан бері даусы естілмей қалды ғой» деп сұрапты. Төраға болған жайды баяндайды. Қонаев сол арада әкемді өз қызметіне қайта қойғыздыты...».

Байжанбаевтың шәкірттері

Әнуарбек Байжанбаев маңайына шуағын шашып, адамдарға көмек қолын ұсынып жүретін болған. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевты да радиоға ертіп келген Әнекең екен. Бұл жағдай былай болыпты. 60-жылдары болса керек. Мұқағали Алматының Көкбазарында ұн сатып тұрады. «Ұн сатамын!.. Нарынқолдың ұны!.. Келіңдер!..» деген зор дауысты естіп, Әнекең дауыс шыққан жаққа қарай жақындап барады. Еңгезердей жігіт білекті түріп тастап, аппақ ұнды алушының ыдысына қалақпен салып беріп тұр екен. Аузы бір дамыл таппайды: «Ұн аламыз!», «Ұн!.. ұн!..», «Нарынқолдың ұны!..». Жағымды қоңыр да өр үні алушыларды жанына үйіріп алыпты... Мұқағалидың даусын ұнатып, Қазақ радиосына жетелеп әкеліп, диктор етіп қабылдатқызады.

Эфир арқылы берілген республиканың тыныс-тіршілігі жайлы әртүрлі жаңалықтар, саяси хабарлар жарты ғасыр бойы мыңдаған тыңдаушыларына Байжанбаевтың ашық та әуезді, әрі қуатты үнімен жетті. С.Жақанова, З.Бекетова, Ж.Асқарова, М.Сержанов, М.Қуатбеков, А.Серіков, Ә.Бөлебаев, т.б. қазақ дикторлары оны өздеріне ұстаз санап, есімін үлкен мақтанышпен атайды. Әнуарбек Байжанбаев Ұлы Отан соғысының ардагері, «І дәрежелі Отан соғысы орденінің» иегері. Ол тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылған (1991). Алматыдағы «Қазақ радиосы үйінің» кіреберіс дәлізінде Әнуарбек Байжанбаевтың бюсті тұр. Әйгілі диктор «Алматыдан сөйлеп тұрмыз!..» деп басталатын қуатты қазақы қоңыр үнімен әр келушіге «Қазақ өнерінің киелі қара шаңырағына қош келдіңіз!» деп тұрғандай...

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Қазақ радиосының байырғы қызметкері.

● КИНОКЕҢІСТІК

«Ақынның» алар асуы алда

Алматыдағы Chaplin Mega Alma-Ata кинотеатрында режиссер Дәрежан Әмірбаев түсірген «Ақын» фильмінің тұсаукесері өтті. Мәдени іс-шараға киностудия басшылығы, фильмнің түсіру тобы мен БАҚ өкілдері қатысты.

Өзінің алғы сөзінде «Қазақфильм» киностудиясының президенті Ақан Сатаев «Ақын» фильмінің шығармашылық тобын тұсаукесермен құттықтап, картинаның алғашқы көрсетілімі Токиодағы халықаралық кинофестиваль шеңберінде өткенін және бұл байқауда Дәрежан Әмірбаев «Үздік режиссер» жүлдесімен марапатталғанын атап өтті. Сонымен қатар, Ақан Сатаев аталған кинотуынды жақында ғана Халықаралық Берлин кинофестивалінің «Форум» бағдарламасында көрсетілгенін еске салып, фильмнің алар асулары әлі алда екенін айтты.



«Ақын» фильмі технологиялар дамыған қазіргі заманда өнердің қоғамда алатын орны туралы ой қозғап, поэзияға сұраныс азайған дәуірде ақынның күйініші туралы сыр шертеді.

фильмнің сценарийіне қостым. Осылайша «Ақын» фильмі дүниеге келді, – деді режиссер Дәрежан Әмірбаев.

Фильмдегі басты рөлді «Жігіттер» тобы-

ның солисі Ердоқ Қанаев сомдады. Белгілі әнші «Жігіттер» кварталіне биыл 20 жыл толатынын және осы уақыт аралығында көрермендермен алғаш рет киноактер ретінде қауышып отырғанын айтты.

– Басында бұл рөлге басқа актер бекітілген болатын. Кейін карантин кезінде кастинг-директор Ердоқ Қанаевтың кандидатурасын ұсынды. Бірнеше рет камераға түсіріп көрдік те, нәтижесінде Ердоқты таңдадық. Оны әнші болғаны үшін таңдағанымыз жоқ. Дегенмен, кейбір сахналарды түсіргенде оның шығармашылыққа жақын болғаны көмек болды, – деді режиссер.

Сонымен қатар, Дәрежан Әмірбаев «Ақын» фильмі жақын болашақта басқа да халықаралық беделді кинофестивальдер шеңберінде көрсетілетінін хабарлады.

Айта кеткен жөн, фильмнің түсіру жұмыстары 2020 жылы басталды. Негізгі түсірілімдер Алматы және Алматы облысында, сондай-ақ Атырау облысында жүргізілді. Аталған киностудия ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тапсырысы бойынша «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы қолдауымен» Ш.Айманов атындағы Қазақфильм» киностудиясы түсірген.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



«АРХИВ – 2025»

«ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ – ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ БЕСІГІ» Түркілердің дүние жүзі тарихындағы рөлі мен орнын асқақтатқан ғалым туралы бір ауыз сөз



БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Амангелді Қасымқызы Нарымбаева Қостанайдың Меңдіғара ауданының Балықты ауылында 1944 жылы дүниеге келген. Қостанай мемлекеттік университетінің Тарих факультетін (орыс бөлімін) бітірген. 2007 жылы Алматыда «Аркан – очаг мировой цивилизации, созданный прототюрками» атты 476 беттен тұратын сүбелі ғылыми-танымдық еңбегі жарық көрген (таралымы – 2000 дана). Кейіннен осы еңбегін толықтырылып, «Туран – колыбель древних цивилизаций» деген атпен (688 бет, 1000 дана) бастырылып шығарылды.

Арқайым – ғалымдарды Тұран тарихына жаңа көзқараспен қаратқан ғажайып жәдігер, әлем мәдениетінің теңдессіз ескерткіші ретінде бағаланатын ХХ ғасырдың баға жетпес бірегей құндылығы әрі осы уақытқа дейін талайды таңдай қақтыратындай ақжолтай жаңалық. Адам аяғы баспаған, ешбір табиғи залалға ұшырамай, бастапқы қалпында сақталып келген қалашық көрінісі кім-кімді де ерекше әсерге бөлейтіні анық: жоғарыдан қарағанда төменде қаланың дөңгелек пішіндес бедерін анық байқауға болады.

Тағдыры қиын болғанымен, рухының қайраты мен зерттеушілік таланты, еңбектері оны қазақ қоғамындағы «сәйкестік дағдарысын» енсеруге септігін тигізген асқат ғалымдарының қатарына шығарды. Ол түркілердің әлемдік мәдениет пен өркениеттегі шынайы рөлін жаңғыртуға қосқан ғылыми үлесімен бүгінгі тарихтан өз орнын алды, көптеген оқырмандары мен жанкүйерлерінің ризашылығына бөленді, оның ғылыми еңбегі талай жас ғалымдардың жадында сақталып қалды. «Туран – әлемдік өркениет бесігі» атты кітабы ағылшын тіліне аударылды. Түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты құнды еңбектер жазған авторға лайықты деңгейде құрмет көрсетіледі деп сенгіміз келеді.

АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Бір сұхбатында ресейлік журналист Максим Шевченко: «Қазақстан Кеңес Одағының фрагменті емес, түркі факторының мұрагері...» деген еді. Бір қызығы, ол Қазақстан жерін түркілердің бесігі десе, біздің кейіпкеріміз, белгілі ғалым Амангелді Қасымқызы Нарымбаева-Уалиева Ұлы Дала Елін – әлемдік өркениет бесігі деп атаған.

Амангелді Қасымқызы Нарымбаева орасан зор филологиялық материалға сүйене отырып, түркілердің ұзақ уақыт бойы, тіпті бүгінде де дүниежүзілік жылнамадағы рөлі мен орнын төмендеткен тарихтың тоң қатқан қабатын қопарды. Озық ойлы, бұл мәселеге біржақты қарамайтын ғалымдар да Амангелді Қасымқызымен бір сарында жазды. Айталық, американдық профессор А.М.Хазанов отырықшы халықтардың мәдени дамуына көшпелілердің ықпалы басым болғанын атап өтті.

Қайсар мінезді ғалым түркілер тарихының шынайы ақиқатын айғақтады. Түрколог ғалымдардың еңбектерін жүйелеп, түркі халықтарының тіліне, тарихына, мәдениетіне қатысты ғылыми-зерттеу

жұмыстарымен айналысты. 2002 жылы «Түріктердің әскери өнері» тақырыбындағы сабақтан тыс жұмысы өзі қызмет істейтін елордадағы колледж ұжымында үлкен пікірталасқа ұласты. Автор келтірген фактілерге «адам сенгісіз, ғылыми тұрғыдан негізделмеген» деген айып тағылды. Автор зерттеулеріндегі ұлтшылдық сарын сынға ілікті. Бұл айыптаулардың негізсіздігін дәлелдеу үшін ол мектептен тыс жұмыстарының материалдарын Еуразия ұлттық университетіне сараптамаға жіберуге мәжбүр болды. Амангелді Қасымқызының жұмысы кафедра мәжілісінде қаралған соң, оған осы тақырыпта, студенттік және оқытушылық аудитория үшін монография жазу ұсынылғаны белгілі.

«АРҚАЙЫМ – КӨНЕ ТҮРКІЛЕР ӨРКЕНИЕТІ

Амангелді Қасымқызының «Арқайым – көне түркілер жасаған әлемдік өркениет орталығы» атты алғашқы жұқа мұқабалы кітабы академиялық ғылым өкілдерінің ортасында жарылғыш бомбаның әсерін туғызды. Автор атап өткендей, қазақстандық тарихшы-ғалымдар тарапынан бұған дейін Арқайым мәселесіне мүлдем қызығушылық болмаған. Ғайникен Айдарханқызы Бибатырованың ықыласымен Ғалымдар үйінде ұйымдастырылған кітаптың тұсау-кесері көптеген оқырмандарды, ғалымдарды жинады. Өнер ғылымының докторы, профессор Әсия Ибадуллақызы Мұхамбетова бұл кітапты автордың ғылыми ерлігі деп бағалап, еңбекке жоғары баға берді.

Амангелді Қасымқызы Арқайым жайлы, көшпенділік пен түркітану туралы ауқымды әдебиеттерді жинап, жылнаманы жүйелеудің қиын да қажырлы жолынан өтті. 2016 жылы оның «Түріктердің хаты мен діні» атты соңғы кітабы жарық көрді. Кітаптарында автор иран тілінде сөйлейтін скифтердің жалпы саны туралы академиялық ғылым қолдайтын мифті нанымды түрде жоққа шығарды.

Осы орайда кеңестік және американдық ғалым, ғылым докторы, профессор Анатолий Алексеевич Клесов Сталиннің бұйрығымен түркілерден тарихты ұрлаған Василий Иванович Абасев туралы еске алады. Абасев скифтердің тілдері бойынша академиялық ғылымда мойындалған беделді ғалым бола отырып, иран тілді

скифтердің тұжырымдамасын Кремльдің бұйрығымен бекітті. ВКП(б) пәрменімен (9 тамыз, 1944 ж.) түркі халықтарына өз тарихын зерттеуге тыйым салынды, Шыңғыс хан қағанаты моңғолдарға ыңғайланып, қайта жазылды, қағанаттар ақиқаты «жабық» тақырыпқа айналды. Түрколог-ғалымдар ұзақ уақыт бойы бұл тақырыптан мүлдем шеттетілді, тіпті бүгінгі өзінде академиялық ғылым өкілдері түркілердің шынайы тарихына қатысты еңбектерге тіксіне қарайтыны рас. Клесовтың өзі де бір сұхбатында: «Скифтер қазақтың арғы атасы, бірақ бізге үндемеу бұйырылды» деген-ді. Демек, ғылыми дәрежесі жоқ әуесқой-ғалым Амангелді Қасымқызы Нарымбаева-Уалиеваның түркологияға қосқан үлесі зор.

ТАРИХИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ

Тарихи сананы жаңғырту бағдары «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Бұл «Мәдени мұраны» өзіндік жалғасы. Қазір отандық және шетелдік мұрағаттарда іргелі зерттеулер басталып жатыр. Халқымызға қатысты тарихи деректерді бірте-бірте жинақтап қана қоймай, цифрлық форматта сақтау қажет. Елімізде Ә.Марғұлан, Қ.Байпақов, Қ.Ақышев және басқа да ардақты ғалымдармен қатар мемлекеттің қолдауынсыз, өз есебінен түркі халықтарының көне тарихы саласында ондаған жылдар бойы өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келе жатқан ынтылау ғалымдар бар. Олардың арасында түркілер тарихына қатысты бірнеше кітаптардың авторы, тарихшы Амангелді Қасымқызы шығармаларының да әлеуеті зор. Өкініштісі, автордың барлық кітаптары орыс тілінде жазылған. Автор еңбектерін қазақ тіліне аудару – бірінші кезектегі міндет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ұлттық рухани жаңғыру» жобасының аясында «Қазақстандық бірегейлік пен зияткерлік әлеуетті дамыту» тапсырмасы көрнекті ғалым Амангелді Қасымқызы Нарымбаева-Уалиеваның зияткерлік мұрасына мемлекет тарапынан қолдау көрсетілсе, құба-құп.

Тамара САТЫБАЛДИНА,
Құрманғазы атындағы
ҚҰҚ профессоры.

ТӘЛІМ МЕКТЕБІ



Берері көп әлеуметтік жоба



Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ұлыстың ұлы күніне орай Алатау ауданына қарасты «Шыңға өрлеу» орталығында Ашық есік күні ұйымдастырылды. Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан 60-қа жуық балаға тегін үйірмелер ұйымдастыратын орталық бүгінде көптің көңілінен шығып үлгерді. Онда хореография, домбыра, шахмат, вокал, балалар психологиясы, қолөнер, информатика, қазақ және шет тілдері бойынша үйірмелер ашылууда.



Жалпы, қаланың 8 ауданында «Шыңға өрлеу» әлеуметтік орталығының 10 бөлімшесі жұмыс істейді. «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубына көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары тегін бара алады.

«Шыңға өрлеу» клубының әлеуметтік жобасы – қала бойынша 600-ден астам балаға тегін қосымша білім беруде, мұнда педагогикалық және өмірлік тәжірибесі мол аға буынның 150 педагог-тәлімгері білім береді. «Шыңға өрлеудің» жалпы ерекшелігі – бізге жағдайы төмен отбасылар, тұрмысы төмен отбасылардың балалары келеді. Оларға дәріс беруге мектептің бастауыш сынып мұғалімдері – еңбек өтілі өтілген зейнеткерлерді тарту көзделіп отыр», – деді Алатау аудандық «Шыңға өрлеу» клубының бөлім меңгерушісі Бакыт Оспанова.

Жоба 1–4-сынып оқушыларының тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасап қана қоймай, сонымен қатар өскелең ұрпақ пен аға буын арасындағы сабақтастықты қалыптастырады. Бүгінде орталықтың бар игілігін көріп отырған отбасылардың алғыстан басқа айтары жоқ.

«Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубында біздің балаларымыз тәлімді тәрбие алып жатыр. Мемлекеттік жобада құрылған әлеуметтік ұйымға – осы жерге баламыз келуімен қатар, тәрбиелі, жан-жақты өнегелі болып жетіліп келеді. Бұл жерде жұмыс істеп жүрген ұжымға және өнегелі ұстаздарға құрметім шексіз», – деді ата-ана Айнұр Зулай.





БІР ӘННІҢ ТАРИХЫ

«НАУРЫЗ-ДУМАН»
көктемнің хабаршысыРая
ЕСКЕНДІР

«Наурыз айы туганда,
Той болушы еді бұл маңда.
Сақталушы еді сыбаға,
Сапарға кеткен ұлдарға,
Наурыз айы туганда».

«Наурыз-думан» әні көктемнің хабаршысына айналып кеткелі қашан! Оның үстіне, сахна сандуғашы Розаның өзі де бұл әнді нақышына келтіре шырқайды. Әннің шығу тарихы туралы Роза Рымбаеваны сөзге тартқан едік.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын Мұқағали ақынның кітабын парақтап

отырғанымда көзім осы «Наурыз-думанға» түсе бергені бар. Оның үстіне, 1989 жылы елімізде Өз-Наурыз мерекесі алғаш рет ерекше тойланып жатқан кез еді ғой. Өлең шумақтарын оқыған сайын мерекелік көңіл күйді білдіретін әннің туғалы тұрғанын байқадым. Бұл ойымды Тасқынға білдіргенімде, ол да бірден қолдай кетті. Содан дереу Талғат Сарыбаевқа хабарласып, «әннің сөзі дайын тұр, енді соған бір керемет етіп музыка жазсаң», – деп өтініш білдірдім. Талғат бірден әннің музыкасын жазып шықты. Оны үлкен сахнаға шығару үшін Тасқын музыкалық өңдеуін жасады. Ән екеумізге де бірден ұнады. Содан Тасқын «бұл өзі Наурыз болса әрі

көктемнің келгенін хабарлап жатса, неге арасына күй қоспасқа», – деп ұсыныс білдірді. Әннің өңі кіріп, тіпті құлпырып кетті. Сонымен, Наурыз мерекесіне арналған «Қазақ-концерттегі» концертте алғаш рет «Мұрагер» ансамблінің сүйемелдеуімен осы әнді орындадым. Содан кейін-ақ Алматыдағы барлық Наурыз мерекелерінде тұрақты орындалатын әнге айналды. Кейін бүкіл елдің әніне айналып кетті. Тіпті, Наурыздың ұранына айналды деуге болады. «Наурыз-думанның» сөзін жазған Мұқағали да, әнін жазған Талғат Сарыбаев та, өңдеген Тасқын Оқапов та бұл өмірден өтіп кетті. Тек ән ғана мәңгіге қалды...

ЭМОДЗИ

ҚАЗАҚЫ СМАЙЛИКТЕР
күледі, шаттанады,
бата да бередіНұржамал
ӘЛІШЕВА

Бүгінде Facebook, Instagram, Telegram, ВКонтакте, WhatsApp болсын, бір-бірімізге деген сезімімізді, қуанған, қолдап, қолпаштаған ойымызды немесе мұңайған, ренжіген, қиналған сәттерімізді, көп сөз жазып жатпай-ақ, саусақ ұшымен басып кеп қалып, бір ғана смайликпен білдіре салатын болғанбыз. Оны бесіктегі бала тұрмақ, еңкейген кәріге дейін меңгеріп алған.

Алдымен, күнделікті өміріміздің айнымас бір бөлшегіне айналған смайликтердің шығу тарихына аз-кем тоқталып өтейік. Доп-домалақ сары бауырсақ түріндегі алғашқы күліп тұрған смайликті Америка суретшісі Харви Болл салған.

Өткен ғасырдың 60-жылдарында Американың ірі сақтандыру компаниялары біріге бастады. Бұл өзгеріс ондағы қызметкерлерге ауыр тиеді. Тіпті, болашаққа сенімі жоғалып, мұңға бата бастағандар, жұмысқа ықыласы төмендегендер көбейген. Содан компания басшылығы қалайда жұмысшылардың рухын көтеру жолын іздеуге көшеді. Өйткені, жаңа құрылып жатқан ірі компания клиенттерін жоғалтып алмау үшін оларды күлімсіреп қарсы алып, телефонға қуана жауап беруі қажет еді. Сөйтіп, олар әр қызметкердің кеудесіне тағылатын эмблема жасап шығару керек деген шешімге келеді. Эмблема болғанда, өздеріне де, келген клиенттерге де қуаныш, жайлы сезім сыйлайтын болуы керек. Сақтандыру компаниясының мамандары сол кездегі танымал суретші Харви Боллдан көмек сұрайды. Ол әлгі езу тартып тұрған сүйкімді сары смайликті 10 минутта ойлап табады. Суретші бұл жұмысы үшін 45 доллар ақы алады.

Сөйтіп, алғашқы смайлик бейджик түрінде жасалып, компания қызмет-



керінің кеудесіне тағылған. Бәрі күлімсіреген смайликті жылы қабылдаған. Кейін бұл смайликтер ашық хаттарға, бейсболкаларға, футболкаларға басыла бастаған.

Ал қазір сонау мұхиттың арғы бетінен жеткен смайликтердің түр-түрі бар. Маңдайынан шертіп тұрып пайдаланасыз. Түрлі эмоцияңызды білдіру үшін сары смайликтерді «жұмсап» қойып отыра бересіз. Олар тек шаттанып, күліп қана қоймайды, көзін қысып, бас бармағын көрсетеді. Қуанышыңызға ортақтасып, қолын жайып бата беретіні немесе «эмин» дейтіні де бар. Құшақтасып «көрісетін» стикерлер де тартымды. Қайғылысы, қаталы, айлакері де жоқ емес. Тіпті, ренжиді де. Тілін шығарып сізді мазактайды да. Біреумен WhatsApp-тан әлдебір шаруаны ақылдасып отырып, жауап жазуға уақытыңыз тығыздау боп тұрса, «окейді» жібере саласыз. Ал дәл сол сәтте ауырып жатсаңыз, басын таңған, аузына градусник тыққан немесе бетперде таққан смайликті де жөнелте қоясыз. Жалпы, жатқан бір әлем.

Айтпақшы, ең көп қолданылатын «көңілді» смайликтер көшбасында тұр. Демек, өміріміздің көлеңкелі жағы бола тұра, көңілді, позитивті болуға ұмтыламыз деген сөз. Дегенмен, коронавирус бас көтеріп, әлемде ең алғаш пандемия жарияланған тұста ең

көп қолданылған «мұңайған, жылаған» смайликтер екен.

Қазір бастауыш сынып оқушыларының білімін де осы сары смайликтер бағалайды. Дұрысы, мұғалім баланың күнделігіне, баяғы біз алған «бестік», «төрттіктердің» орнына «жарайсың», «жақсы» немесе «талпын» деген смайликтерін жапсырып береді. Бұл «формативті бағалау» деп аталады. Кіп-кішкентай сүйкімді бейнелерге балақайлар да маз болар кетеді.

Ал қазір эмоцияңызды ұялы телефоннан қазақша да білдіре аласыз. Қазақстан дизайнерлері ең алғаш 2016 жылы Наурыз мейрамына арнап ұлттық эмодзилер, яғни смайлик, стикерлер салды. Қазақтың атасы мен әжесін, киіз үй, астаудағы ет, бауырсақ, құрақ көрпе мен домбыраны бейнелейтін эмодзилер «Rocket Firm» студиясының Facebook парақшасында жарияланды.

Сол жылдың күзіне қарай Қазақстан тұрғындары үшін «Қазақ эмоджилері» пайда болды. Оларды жасаумен 6 елдің көпұлтты командасы айналысқан. Тегін жиынтықта 21 стикер бар және оны AppStore арқылы жүктеп алуға болады.

Жай ғана смайликтердің өзі де күнделікті өмірімізді нұрландыруға қызмет ете берсін деп тілейік. О бастағы миссиясы да сол болатын.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ЖАСТАР
ТАҢДАУЫ –
ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Кеңес заманында ата-баба дәстүрі мен ұлттық ойындардан ажырай бастасақ та, тәуелсіздік алған қазақ халқы өз жолын қайта тапты. Жастар ұлттық спорт түрлеріне аса қызығушылық танытуда. Сондықтан біз Алматы жастарына жақын ұлттық спорт түрін анықтау үшін сауалнама жүргізген едік.

Шадияр МАМРАИМ,
студент:

– Өзге спортқа қарағанда, көкпар жаныма жақын. Бұл ұлттық ойын жігіттердің бойында атбегілік пен ермінезділікті тәрбиелейді, салтқа деген сүйіспеншілікті арттырады. Сондай-ақ, көкпар адамдар арасындағы жақындықты қалыптастырады. Ата-әкелеріміз ауыл-ауыл болып жиналып, көкпар тартқан. Ойын соңында олжалы үйге жиналып, ет асып, маз-мейрам болған. Осындай ойындар елді біріктірген. Бұл дәстүр біздің ауылда бүгін де бар. Қазақ жастарының көкпардан алыстамағаны көңіл қуантады.

Нарқыз НАЗЫМБЕК,
қала тұрғыны:

– Мен садақ ату өнеріне қызығамын. Бұл спорт түрі табандылық пен шапшаңдықты, мергендік пен ерен еңбекті талап етеді. Сонымен қатар, садақ жарысы тек оған қатысушыларға ғана емес, көрермендер үшін де өте қызық. Теледидардан көргенде өзін де бәсеке басында болғын келеді. Қазақ мергендерінің батырлықтары туралы талай әңгімелерден оқып өстім. Фильмдерде мергендер ерекше көзге түседі. Сондықтан алдағы уақытта садақшылар жарысына қатысқым келеді.

Әли ТҮРҒАНБЕК,
студент:

– Бәйге десе, делебесі қозатын қазақтың бірі менмін. Себебі, бәйге атын дайындаудың қызығы мен шыжығы жайлы үлкендерден талай естігенмін. Өзгелердің алдын орап, топ жаратын дүлдүлдің бабын келтіру талай тер төгуді талап етеді. Оған шабандоз жігітті отырғызып бәйгеге қосқанда, ешкім үнсіз отырмайтыны сондықтан болар.

Ат өнері бір жағынан көшпелі қазақ дәстүрінің нағыз көрінісі болса, бір жағынан адам денсаулығы үшін өте пайдалы. Бүгінде атқа отырудың талай пайдасын ғалымдар зерттеп, қайта-қайта айтып жатыр. Ал біздің бабаларымыз мұны бұрыннан білген. Сол ата-баба жолы өшпей, ұлттық өнер әрі қарай халықаралық деңгейде дамыса деймін!

Дайындаған Досбол АТАЖАН.



РЕЙД

ЗАҢСЫЗ МИГРАНТТАР АНЫҚТАЛДЫ

10–17 наурыз аралығында Алматыда заңсыз жүрген азаматтарды анықтау және қалада криминогендік жағдайды жақсарту мақсатында «Мигрант» республикалық жедел алдын алу іс-шарасы өтуде.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Іс-шараның 4 күнінде ҚР көші-қон заңнамасын бұзған 1263 адам анықталды және әкімшілік жауапкершілікке тартылды. «Қазақстан Республикасы аумағынан 101 шетелдік, оның ішінде 7 адам азаматтық сот ісін жүргізу арқылы елден шығарылды. Қазақстан Республикасында болу ережелерін бұзғаны үшін 951 шетелдік әкімшілік, шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болуының заңдылығын қамтамасыз ету шараларын қолданбағаны үшін 282 қабылдаушы тарап жауапкершілікке тартылды. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тарту

ережелерін бұзған 30 жұмыс беруші де жазаланды. Сонымен қатар, заңсыз көші-қон арнасын ұйымдастырудың 6 дерегі анықталды және тіркелді», – деді Алматы қалалық полиция департаментінің Көші-қон қызметі басқармасының бастығы Асхат Бутунчинов.

Құқық бұзушылардың арасында қолына емізулі сәбиін ұстап, базарда қайыршылықпен айналысқан 26 жастағы Өзбекстан азаматшасы да бар.

Сондай-ақ, 2017 жылдан бері Қазақстан Республикасының аумағында жеке басын куәландыратын құжатсыз және тұрақты тұрғылықты жері жоқ болып жүрген 50 жастағы Өзбекстан азаматына қатысты әкімшілік шара қолданылды. Сот шешімімен ол ел аумағынан шығарылды.

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС

«КӨП АСҚАНҒА – БІР ТОСҚАН»

Елімізде 2 ай ішінде 430 есірткі қылмысы анықталды.

Оның ішінде 285 есірткі және 22 контрбанда фактісі анықталды. 475 килограмға жуық есірткі тәркіленді, оның 50 кг-ға жуығы синтетика. 8 есірткі зертханасы жойылды. Олар Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарында анықталған. Жасырын есірткі өндірісін ұйымдастырғаны үшін 16 адам ұсталды.

«Ақпараттық технологиялардың дамуымен есірткі құралдарын тарату тәсілдері де жетілдірілді, енді интернет заңсыз айналымның негізгі алаңына айналды. Есірткінің заңсыз айналымына жаңа қатысушыларды тарту мақсатында жұмысшылар мен мамандарды жалдау үшін интернет-ресурстар пайдаланылатын жағдайлар да жиі кездеседі. Мұндай фактілерді анықтау үшін біз жұмысты ұсынатын сайттарды өз бетімізше бақылап қана қоймаймыз. Осы орайда, осындай қызметтердің танымал провайдері – «OLX Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен өзара іс-қимыл жасау жолға қойылды. Соның көмегімен биыл курьерлік жұмыс ұсыныстары түріндегі есірткіні «жасырып кетушілерді» жалдау бойынша 50 хабарландыру анықталып, жойылды. Бұл жұ-



мыс жалғасуда. Telegram серверінің қазақстандық әкімшісімен де осы бағыттағы мәселе пысықталуда, қазірдің өзінде есірткіні жасырын сатумен айналысқан 440 чат анықталды. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Киберқадағалау» ақпараттық жүйесіне қолжетімділік қамтамасыз етілді. Бұл шара кейіннен оларды белгіленген тәртіппен оқшаулау үшін автоматты режимде заңсыз контенті бар интернет-ресурстарды анықтауға мүмкіндік береді», – деді Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің басқарма бастығы Бақытжан Әмірханов.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

ТӘРТІП БҰЗУДАН АУЛАҚ БОЛЫҢЫЗ...

Шаһар тыныштығын бұзып, Алматы тұрғындарына қауіп төндірген күдіктілер ұсталуда



ЖАНАРМАЙ БЕКЕТІНДЕГІ ОҚИҒА

Алматыдағы жанармай құю бекеттерінің бірінде жүргізуші әйел 18 жастағы қызметкерге шабуыл жасады. Оқиға бейнебақылау камераларына түсіп қалған. Бейнежазбадан жанармай құйып тұрған әйел мен бекет қызметкерлерінің арасындағы өзара кикілжіңнің қол жұмсауға ұласқанын байқауға болады. Тәртіп бұзушы бекет қызметкерін құлатып, ұрып тастаған.



Досбол
АТАЖАН

Оқиға ағымдағы жылдың 10 наурызында Жетісу көшесі мен Райымбек даңғылының қиылысы маңындағы жанар-жағармай құю бекетінде болғаны бейнежазбада айтылады.

Полиция департаменті бұл іс бойынша сараптама тағайындалғанын хабарлады. Жәбірленушінің жарақатына қарай қылмыстық не әкімшілік іс қозғалады.

«Сот-медициналық сараптама ауырлық дәрежесін анықтауы керек, содан кейін баға беріледі», – деді Алматы Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕГІ ДАУ

Әлеуметтік желілерде қоғамдық көлікте әйелге шабуыл жасаған алматылық бейнеленген бейнежазба тарады. Кадрлардан автобуска әйелдің артынан ер кісінің жүгіріп кіріп, пышақпен қокан-лоқы көрсеткенін көруге болады.

«Біз автобуска отырғанбыз, бір әйел автобуска жүгіріп кірді. Оның артынан пышақ ұстаған ер адам ілесе келді де, пышақпен қорқыта бастады. Ер кісі өзін ұрлықшы деп айыптағанға ашуланған екен», – деді оқиғаның куәгері.

Бұл факті бойынша әзірге ешкім шағым түсірмесе де, тәртіп сақшылары әлеуметтік желідегі адамдарды іздеуде.

«102-ге ешкім бұл іс бойынша хабарласқан жоқ. Алайда, бейнежазба тараған алдыңғы аптадан бастап Полиция департаменті тексеру шараларын жүргізуде. Қаланың криминалдық полициясы оқиғаның толық хронологиясын, мән-жайын және видеодағы адамның кім екенін анықтап жатыр», – деді Алматы қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек.

ЖҮРГІЗУШІГЕ ШАБУЫЛ

12 наурызға қараған түні Түрксіб ауданында Toyota Camry маркалы көлік жүргізушісіне белгісіз біреулер шабуыл жасап, көлігін айдап кеткен.

«Таксиге тапсырыс түскен... Клиенттерді әуежайға апару керек болды. Үш адам жүктерімен бірге көлікке мініп, «Нұршашқан» шағынауданы арқылы жүруді өтінген. Қараңғы жерден өткенде клиенттердің бірі жүргізушіге 6-7 рет пышақ сұққан және оны сол жерде қалдырып, көлікті ұрлап кеткен».

Жақындарының айтуынша, жүргізуші ауруханада жатыр, жағдайы қалыпты. Көлік пен қылмыскерлер әлі табылған жоқ.

Қалалық Полиция департаменті бұл іс Қылмыстық кодекстің 192-бабының

4-бөлігі «Қылмыстық топтың аса ірі көлемде қару қолдана отырып жасаған тонау» бойынша тіркелгенін хабарлады. Қылмыскерлер мүлкі тәркіленіп, 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

«Қылмыстық істі Түрксіб ауданының ІІБ тергеп-тексеруде. Арнайы тергеу-жедел тобы құрылды. Оның құрамына қаланың криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері кірді, олардың іс-әрекеттері күдіктілерді ұстап, қылмыстық жауапкершілікке тартуға бағытталған. Тергеу барысы Алматы қалалық Полиция департаменті басшылығының бақылауында», – деп хабарлады Алматы қалалық Полиция департаментінің баспасөз қызметі.

P.S.

Біз алматылық тұрғындарды заң мен тәртіп бұзудан аулақ болуға шақырамыз. Өркениетті қоғам құрып, Алматының дамуына барлығымыз бір адамдай үлес қосайық!



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

Жол мәселесі өзекті болып тұр

Алматыда күнде жауын-шашын. Табиғаттың тосын мінезіне ешкім қарсы тұра алмайтынын білеміз. Бірақ сол жауын-шашын салдарынан қаладағы жолдарға су жиналып, жаяу жүргіншілерге кедергісін тигізіп жатыр. Әсіресе, шеткі, қалаға кейіннен қосылған елді мекендерде жағдай тіпті қиын. Себебі, ол жақтағы көшелерде асфальт жабыны жоқ, сол себепті көшелерде батпақтан аяқ алып жүре алмайсыз. Бір өкініштісі, қала көшелерінен сол жауын суын сорғыту мақсатында коммуналдық мекемелер тарапынан жүргізіліп жатқан ешбір жұмысты байқамадық. Бұл қала тұрғындарының редакциямызға хабарласып айтқандағы өкпе-назы. Оған әлеуметтік желідегі алматылықтардың жүктеген бейнекөріністері де дәлел бола алады.



— Жаңбыр жауғалы бері Жандосов көшесі мен Манас көшелері қиылысындағы тротуардың маңайы суға толды. Жүру мүмкін емес. Жаяу жүргіншілер көшеден өте беріп, шалшық болып үйілген суды айналып өтуде. Егер әкімдік қызметкерлері мен аудан басшысының өзі бір мезгіл аудан аумағын аралайтын болса, мына көріністің барлығын көретін еді. Олар тіпті, біздің жанайқайымызға құлақ аспақ түгілі, «қабылданды, мәселені шешеміз» деп те кері байланысқа шықпайды ғой. Бәлкім, бұл жағдайды әлеужелі арқылы жарияласақ, Бостандық ауданының әкімі Алтай Рахымбетов пен әкімдіктегі сала қызметкерлерінің назарына ілігіп қалар, — деп жазады желі қолданушы Дәурен Асқаров есімді азамат.

Бет қатталып жатқанда Дәурен Асқаров ауданның коммуналдық қызметінің жиналып қалған суды жойып, арықтарды тазартып жатқан суретін салып, сала мамандарына алғысын білдірді.

Наталья БОРОДИНА: Дәл осындай жағдай Сайранда — Мате-Залка көшесі бойында да бар.

Айжан СЕРІКҚАЛИҚЫЗЫ: Алатау ауданындағы «Теректі» ықшамауданындағы жолдар жаңбыр жауғалы бері бұрынғыдан да нашарлап кетті. Жүріп-тұру қиындай түсті. Өзім естімедім, бірақ тұрғындардың айтуынша, биыл көшемізге асфальт төселетін көрінеді. Тезірек күн жылынса екен деп күтіп жүріміз. Уәделерінде тұрады деп ойлаймыз.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

«Әкімдік рұқсаты бар»

Осыдан бір-екі күн бұрын редакциямызға «наурызбайлық» тұрғындар хабарласып, «Золотое руно» шағын маркетінің жұмысшылары санитарлық талаптарды сақтамайтынын айтқан еді. Айтуларынша, дүкен жұмысшылары көлік көп қатынайтын көше бойына балықтарды шығарып, ерітетін көрінеді.

— Бұл бірінші рет болып жатқан жағдай емес. Балықтарды далаға қалай болса, солай тастай салады. Кейін, шаң басып, құм жамылған балықтарды тұтынушыларға ештеңе болмағандай сатады. Жол

бойына қойып, балық еріту дұрыс емес қой. Санитарлық талаптар қайда сонда? — дейді Мансура Рахим есімді тұрғын.

Біз мәліметті тексеру үшін аталған дүкенге барып көрдік. Тұрғындар шағымдарының растығына көзіміз жетті. Дүкен иесінен жағдайдың мән-жайын сұрағанымызда «Наурызбай ауданы әкімдігінің рұқсаты бар» деп жауап берді. Алайда, тұрғындар бұл жағдайға қарсы. Сол себептен, аудан әкімдігінен тиісті шара қолдануын сұраймыз.



АЛМАЛЫ АУДАНЫ



Аяқталмаған жұмыс

Жамбыл көшесі мен Шағабутдинов көшелерінің қиылысында қыс мезгілінде қандайда бір құрылыс жұмыстары жүргізілген. Алайда, жұмыстың соңы мынадай көріністермен аяқталған. Қаланың орталық ауданы саналатын Алмалының жолдары тақтайдай тұзу, жолдары тегіс болуы тиіс. Мынадай жолдар қарапайым тұрғындардың жүріп-тұруына кедергі келтіреді. Алмалы ауданы әкімінің аппараты шұғыл шара қолданып, назарға алады деп үміттенеміз.

Тұрғындар өтінішіне орай аудан әкімдігі бұған байланысты жұмыстар асфальт зауыты жұмысын бастаған кезде жүзеге асырылатынын хабарлады.

Апатты ағаш

Абай, 107/75 тұрғын үйінің ауласындағы үлкен ағаш кеуіп, құлаудың алдында тұр. Тұрғындар апатты жағдай орын алмас бұрын Экология және қоршаған орта басқармасынан қауіптің алдын алу шараларын жүргізуді сұрайды:

— Ағаштың діні кеуіп, құрап тұрғанына біраз уақыт болды. Ортасы желініп кеткен. Алмалы ауданы әкімдігі мен Жасыл экономика басқармасына өткен жылы хат жолдағанбыз. Бірақ жауап келмеді. Сол себептен, сіздерге шықсақ, мәселемізді аңғартып шығар деп ойлап отырмыз, — дейді редакциямызға қоңырау шалған Нүриле Жансейіт есімді тұрғын.

Апатты ағаш ойын алаңына жақын орналасқандықтан, тұрғындар балалары үшін алаңдайтынын айтады.



АЛАТАУ АУДАНЫ



Қоқыс иісі қолқаны қабады

«Әйгерім-1» ықшамауданындағы Нәби көшесінің бойындағы батпақты көлшік қоқыс алаңына айналған. Бұл туралы аудан тұрғыны Ерканат Дархан редакциямызға хабарлады.

— Әсіресе, соңғы кездері жаңбырдың салдарынан шалшықтың маңайы батпаққа ұласып, жан-жағы қоқысқа толып, иісі бүкіл көшені алып жатыр. Әкімдік осы жерді ретке келтіріп, қоқыс тастағандарға айыппұл салса болар еді, — дейді ықшамаудан тұрғыны.

Осы мәселеге байланысты, Алатау ауданы әкімдігінен және Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасынан қаладағы заңсыз қоқыс полигондарын анықтау бойынша жұмыс жүргізулерін сұраймыз.

Қайда жүтінерін білмей әлек

«Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды» демекші, біздің Бостандық ауданы әкімдігімен күресуге күшіміз қалмады, — дейді аудан тұрғындары. Мәселені басынан баяндайық. 2021 жылдың 10 тамызында Өтепов көшесінің бойындағы (Жароковтан Гагаринге дейін) суық су құбырына жөндеу жұмыстары қолға алынған болатын. Жөндеу жұмыстарын «Ария Жаңа Астана» ЖШС жүргізген. Бірақ мердігерлер жұмыстарын толық аяқтамаған. Жол жабыны қалпына келмегендіктен, бұл жердегі жаяу жүргіншілер жолымен жүру мүмкін емес. Жол лайлы көлшікке айналған. Жауапты ЖШС басшысы тұрғындарға: «Біз жұмыс көлемін толығымен

аяқтадық. Енді барлық сұрақтар Бостандық ауданы әкімдігіне қарайды» деп жауап беріпті. Ал аудан тұрғындары бірнеше айдан бері әкімдіктің табалдырығын тоздырып жүрміз дейді:

— Осы мәселе орын алғалы бері аудан әкімдігіне талай рет жүгіндік. Неше рет хат жолдадық, неше рет бардық, алайда одан еш нәтиже шықпай отыр, — дейді Раиса есімді тұрғын.

Аудан тұрғындары мәселені шешу үшін қайда жүтінерін білмей әлек болып жүр. «Халық үнін еститін» мемлекет қайда? Қарапайым халықтың барар жері, басар тауы қалмайтыны осыдан-ақ аңғарылып тұр емес пе?

ТҮЗЕТУ

Газетіміздің «Ақшам арқылы айтамыз» айдарында «Шапағат» ықшамауданындағы жол мәселесіне қатысты «Құлақтарыңызға алтын сырға» атты сыни мақала (10 наурыз, 2022 жыл, №26 (6161)) жарық көрген болатын. Аталмыш шағынаудан Жетісу ауданына емес, Алатау ауданына қарайтынын хабарлаймыз.

P.S.

Көшелерді су басуға жол бермеу үшін нөсерлік кәріз құрылысы мен коллекторларды тазарту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуі тиіс. Сондықтан жауапты мекемелер қаладағы коллекторлардың барлығына тексеру жүргізгені жөн-ақ. Әйтпесе, бітеліп қалған жүйелер жауын-шашын кезінде нөсерлік кәріздердің жұмысына кері әсер ететіні айдан анық.



ЭКОЛОГИЯ

ҚОҚЫС – ҒАСЫР ҚАСІРЕТІ

Алматыда қоқыстың жалпы көлемінің оннан бір бөлігі ғана қайта өңделеді, ал көп бөлігі қоқыс үйінділерінде өртеледі. Нәтижесінде улы заттар топыраққа, суға және ауаға еніп, бүкіл аймаққа таралады. Осы тұрғыда Алматы маңындағы қоқыс полигондары қалай жұмыс істейді және оңтүстік астанада қалдықтарды заманауи өңдеуді ұйымдастыру үшін не қажет екенін анықтауды жөн санадық.



Айжан БҮРКІТБАЕВА

Энергетика министрлігінің деректері бойынша, елімізде жыл сайын 4,5 миллион тонна қатты тұрмыстық қалдықтар (КТҚ) шығарылады. Өткен жылдың дерегіне сүйенсек, шамамен 3,2 миллион тонна жиналып, оның 330 мың тоннасы ғана өңделіп, кәдеге жаратылған.

Жалпы, қатты тұрмыстық қалдықтарды сақтау мен өңдеудің бірқатар әдісі бар: полигондық көму, алдын ала сұрыптау, компостинг, өртеу, төмен температуралы және жоғары температуралы пиролиз. Олардың ішінде елімізде полигондық көму технологиясы кеңінен қолданылады, өйткені ол ең қарапайым және арзан әдіс.

Алайда, қоқыстарды полигондарға көму туралы Қазақстандағы «қоқыс бизнесінің» негізін қалаушылардың бірі, бизнесмен Егор Зингер бұл әдіс КТҚ селективті жинауға маманданатын компаниялар мен белсенді эко-



логтар үшін ғана пайдалы деп санайды. Жалпы, оның пікірінше, ол азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіпті полигондар-



ұсынамын. Қоршаған ортаның ластануын шешу үшін бірінші кезекте заңсыз полигондардан арылу керек. Әсіресе, Алматы мен

оның төңірегінде базарлар көп болғандықтан, қоқыс шығаратын шағын кәсіпорындардың барлығына қоқыстарды қаладан 25 шақырым жерге тасымалдау тиімді емес, сондықтан олар қоқыстарды жол бойына төге салады. Рұқсат етілмеген қоқыс орындары осылайша пайда болады. Полигондық көмудің тиімсіздігі де – осы, – дейді ол.

Қоқыс полигондарына қатысты тағы бір мәселе – олардың белгіленген нормалардан ауытқуы. Бұл туралы Энергетика министрлігі хабарлаған болатын. Айтуларына, еліміздегі КТҚ полигондарының 20%-ы ғана нормаларға сәйкес келеді. Сол себептен, өткен жылдан бастап нормаға сәйкес келмейтін полигондарда қоқысты көмуге тыйым салынған болатын. Алайда, заңсыз қоқыс ордалары жұмыстарын тоқтатпаған.

Ал эколог Жансерік Басмолданың айтуынша, алдағы екі жылдың ішінде Алматыдағы қоқыс полигондарын ретке келтірмесе, экологиялық ахуал қиындай түспек. Ол аталған уақыт ішінде бұл мәселе қолға алынбаса, халықтың денсаулығы нашарлайтынын айтып, дабыл қағуда.

– Елімізде шығарылған қоқыстардың екінші қайтара өңделмейтінін есептесек, қоқыс мәселесін өзекті проблема деп алуға болады. Сондықтан болашақта Алматы үшін қоқыс полигондарын көптеп салып, заңсыз қоқыс полигондарын тәркілеу керек. Ең бастысы, санитарлық талаптарды ұстанғаны абзал. Қазіргі таңда бұл мәселені шешу инновациялық тұрғыда шешімін таппай отыр, – дейді маман.

ӨЗЕКТІ!

Заңсыз полигондар

Қаланы қоқыстан тазарту – әрбір тұрғынның міндеті

Ресми деректерге сүйенсек, Алматының айналасында әртүрлі көлемдегі бірнеше полигон бар. Мысалы, «Асар-С» ЖШС, «Тазар» БКП және «Еңбек» ЖШС шағын полигондары. Мегаполистің қатты тұрмыстық қалдықтарының негізгі бөлігі Алматыдан 34 шақырым жердегі Қарасай ауданындағы Әйтей ауылы маңындағы полигонға тасымалданады. Бұл полигон 1989 жылдың желтоқсан айында пайдалануға берілген және қазіргі уақытта «PlasmaEnergyInc» ЖШС-нен он жыл мерзімге жалға алынған. Ұйымға 2010 жылдан бастап қоршаған ортаға шығаруға рұқсат етілген. 2017 жылы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрінің бірлескен бұйрығы шыққаннан кейін Қарасай полигоны қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыруға, сақтауға, залалсыздандыруға және көмуге арналған басқа полигондармен бірге эпидемиялық маңызы шамалы объектілерге жатады. Қарасай полигонының жалпы ауданы 220 гектарды құрайды.

Ал заңсыз қоқыс ордаларына тоқталатын болсақ, үстіміздегі жылы республика бойынша барлығы 8884 рұқсат етілмеген полигон анықталған болатын. Олардың ішінде 394-і бір ғана Алматыға тиесілі.

Сондай заңсыз орындардың бірі – Алматыдан 60 шақырым жердегі Еңбекшіқазақ ауданындағы Түрген ауылының шекарасында орналасқан. Бұл жерде көбінесе желмен ұшып кететін пластиктер көп.

«2016 жылдан бері біз ауылдық округтерді абаттандыруға қаржы бөліп келеміз, бірақ ондағы қаражат өте аз – қоқыс шығаруға небәрі 5-6 млн теңге бөлінеді. Бұл ауданда әзірге заңды полигонымыз жоқ. Дегенмен, 2019 жылдан бастап Ташкенсаз ауылы маңында қоқыс тасымалдау станциясы мен зауыт құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді. Бүгінгі таңда жобаның жобалық-сметалық құжаттамасы сараптамаға жіберілді. Келесі жылы құрылыс біткен соң қоқыс мәселесі шешіледі деп ойлаймын. Нысан «Алатау тазалық» серіктестігінің жеке қаражатына салынуда. Полигон ауданның дәл ортасында орналасқандықтан, барлық ауылдардың қоқысын шығаруға ыңғайлы», – дейді Еңбекшіқазақ аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Асхат Аңсабаев.

Жергілікті билік мәселе қоқыс өңдейтін зауыттың жоқтығында ғана емес, халықтың мәдениетінде де екенін айтып отыр. Ауданда қалдықтарды уақытша сақтайтын 31 қойма

болса, оны тұрғындардың барлығы бірдей пайдалана бермейді.

Рұқсат етілмеген полигондардың тағы біреуі – Алматы облысы, Қарасай ауданындағы Көксай ауылы маңындағы полигон болды. Ресми құжаттар бойынша ауыл шаруашылығы алқаптары ретінде танылған бұл ұлан-ғайыр аумақ Алматыдан және көршілес облыстардан осында экспортталатын облыстағы құрылыс қалдықтарының ең үлкен полигонына айналған.

Көксай іргесіндегі полигонның тұрғанына 20 жылдан асты. Бастапқыда ауыл тұрғындары қоқыс алаңының жоқтығынан тұрмыстық қалдықтарды осында тастаса, кейін бұл жер тиімді кәсіпке айналған.

«Бұл жерге Алматыдан және басқа облыстардан құрылыс қалдықтары төгіледі. Кәдімгі полигондар құрылыс қалдықтарын қабылдамайтындықтан, көптеген компаниялар бұл мүмкіндікті пайдаланып жатыр. Жергілікті атқарушы органдар тарапынан тиісті органдарға, аудандық ішкі істер бөліміне, табиғатты қорғау және жер бөлімдеріне сұраныстар жолдануда», – дейді Қарасай аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Ескендір Егізбек.

Полигон шынымен де жөндеу-құрылыс жұмыстарының қалдықтарына, тақтайшаларға, тас сынықтарына, плиткаларға, сантехникаға және басқа да қалдықтарға толы болып шықты. Аумағы жекенің қолында болғандықтан, әзірге жергілікті билік онымен ештеңе істей алмай отыр.

Алматыда заңды құжаттары бар қоқыс полигондарының өзі санитарлық нормаларға сәйкес келмейді. Сондай полигондарға екеуі – Талғар ауданындағы Ават ауылының маңында бір-біріне қарама-қарсы орналасқан.

Кеңес дәуірінен бері мұнда қиыршық тас сияқты құрылыс материалдары өндірілген. Соның салдарынан аумақта терең карьерлер пайда болып, оны қоқыс төгетін үлкен шұңқыр ретінде пайдаланып жатқаны анықталды.

10 жылдан астам полигон 7,5 гектар аумақта «Eco Service Group» компаниясына тиесілі болып келген. Оның қарама-қарсысында «Жанару» АЖ компаниясының 30 гектарды құрайтын полигоны орналасқан.

«Жанару» полигоны үлкен адрондық коллайдер алаңына өте жақын орналасқан. Кәсіпорын директоры, полигонның су инспекциясынан қажетті құжаттары бар және олардың нысаны мұнда ағып жатқан өзенге әсер етпейтінін алға тартты.

Полигон шетінде сасық иісті қоқыстардың үлкен үйінділері тау-тау

болып жатыр. Кәсіпорын қызметкерлері өңдеуге жарамды қоқыстарды қолмен сұрыптап шығаруда.

Компания директоры полигонға қатысты жаңа сұрыптау желісі жақын арада салынатынын, оның көмегімен қызметкерлер бұдан былай шығарылатын барлық қоқысты қолмен сұрыптамайтынын жеткізді:

– Біз 2020 жылдың желтоқсан айынан бастап жұмыс істеп жатырмыз. Теміртау қаласындағы кәсіпорында өндірілген қалдықтарды жағу пешін сатып алдық. Ол тәулігіне 10 тоннаға дейін жағады. Онда шығарындыларды азайту үшін қажетті сүзгілер бар. Жыл ішінде автоматтан-дырылған желісі бар жаңа сұрыптау кешенін салуды жоспарлап отырмыз. Онда барлық қоқыс бірден сұрыпталыады. Барлығы келіп түсетін КТҚ 60%-ға дейін сұрыптауды жоспарлап отырмыз. Қалғанын пешке жағамыз, яғни шұңқырға төгілу тоқтайды», – дейді «Жанару» компаниясының директоры Азамат Айжігітов.

Тағы бір ауқымды «Eco Service Group» полигоны – түбі қоқыспен жабылған терең карьер. Компания басшысының айтуынша, қазір мұнда қатты тұрмыстық қалдықтардың 20–30%-ы ғана сұрыпталса, өнімділікті 70%-ға жеткізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, алаң иелері қоқыс өңдейтін шағын зауыт салғысы келетіндерін жеткізді:

– Бізде жылына 13 мың тоннаға дейін қоқыс көмуге рұқсат бар. Қазір жылына 8 мың тонна ғана көміп жатырмыз. Бізде 30 адам сұрыптаумен айналысады. Жыл сайын біз «қамал» деп аталатын жерді жасаймыз, яғни көмілген жерді мелiorациялаймыз, оны топырақпен толтырамыз, содан кейін топыраққа сіңіп кетпеуі үшін үстіне полиэтилен саламыз. Карьердің түбі де бетондалған», – дейді «Эко Сервис Групп» компаниясының директоры Ғали-Батыр Қожамбеков.

Ал Алматы қаласының бас экологы Ғалия Өмірбекқызының айтуынша, мұндай заңсыз қоқыс орындары қаланың ішінде де көбейген. Ол қазірге таңда бұл мәселемен күресу шаралары атқарылып жатқанын айтады.

– Жақында біз Саин көшесіндегі №6 үйдің артындағы қоқысты тазарту бойынша үлкен жұмыс атқардық. Сонымен қатар, көпқабатты үйлердің аулаларында заңсыз орнатылған тізбектермен, кабельдермен, бағандармен, автотұрақтарға арналған басқа құрылғылармен күресіп жатырмыз. Қаланы қоқыстан тазарту – әрбір тұрғынның міндеті деп білемін, – деді маман.

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ



Полигон газын өндіру және энергияға айналдыру үшін ұңғымаларды бұрғылау, қалдықтарды нығыздау және оқшаулау, топырақты бекіту, еңісті нығайту, жоғарғы құнарлы қабат қалыптастыру жұмыстары қолға алынған.



ауданда тұрғын үйлерден шамамен 300 метр қашықтықта орналасқан. Қалдықтарды жағу бу энергиясының генерациясымен жүзеге асады, ал түгін газдары скруббер мен кап сүзгілерінде тазартылады. Осыған ұқсас технология Veolia барлық зауыттарында қолданылады. Зауыт 22 600-ге жуық жергілікті отбасын жарықпен қамтамасыз етіп отыр.

АҚШ

«Sunset Park» қайта өңдеу зауыты – Нью-Йорк қаласындағы металл, шыны, қағаз және пластикті қайта өңдеу орталығы. Sims Municipal Recycling және Нью-Йорк қаласы сұрыптау жабдықтырына 25 миллион доллар инвестициялады. Күн батысы саябағының жағалауында орналасқан 4,4 гектар аумақты алып жатқан жоба ай сайын 18 мың тонна металл, шыны, пластмасса және қағазды өңдейді.



ГЕРМАНИЯ

«Lippe Plant» зауыты – Еуропадағы 230 гектар аумақты құрайтын ең ірі өнеркәсіптік өңдеу орталығы.

Оның құрамына химиялық заттарды, ағаштарды, пластмассаларды, өнеркәсіптік қалдықтарды, электроника өнімдерін өңдеу зауыттары және тамақ қалдықтарын компосттау станциясы кіреді. Орталық жыл сайын 980 000 тоннадан астам қалдықтарды қабылдайды және шамамен 500000 тонна материал мен 337 ГВт/сағ энергия өндіреді, оның үштен бірі зауыттардың жұмысын қамтамасыз етуге жұмсалады. Орталық Люнен қаласының шетінде, тұрғын үй құрылысынан 500 метр қашықтықта орналасқан. Материалдарды қайта өңдеу атмосфераға улы заттардың таралуына әкелмейді, керісінше, 400000 тоннадан астам парниктік газдардың шығарылуының алдын алады.



ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІ



**Айжан
БҮРКІТБАЕВА**

Бір кездері ұмыт болуға айналған салт-дәстүрлер, қолөнер, ұлттық бұйымдар жасау бүгінде қайта жаңғырып келеді. Қазақта «шебердің қолы алтын» деген құнды сөз бар. Сөзге де шебер, іске де ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтарының бірі – қолөнер.

Ағаштан ою ойып, темірден түйін түйген, жүннен көз жауын алатындай бұйым жасаған, асыл тастардан сән бұйымдарын соққан, сүйек пен мүйізді, шиді қиыннан қиыстырған халық шеберлерінің ісі – мақтауға тұратын өнер туындысы.



Құрақ – «қурау» деген сөзден бастау алады. Қазақ ұғымында құрақ көрпе ұзатылып бара жатқан қызға «басың құрала берсін» деген ырыммен берілетін болған.



Әлі есімде, менің бала кезімде әжем құрақ құрап отырып: *«әрбір шаңырақта құрақ көрпе болуы керек. Себебі, құрақ табыстың құралғанын, кіріс кіргенін «тілеп» тұрады»*, – деп айтатын. Демек, бұл ырымның да өз ырыс-берекесі бар.

Елді батыс дәстүрі жаулаған тұста дәл осындай көнекөз өнерді көздің қарашығындай сақтап, сан түрлі құрақты көпшілікке паш етіп жүрген жастарымызға тамсанбасқа болмайды. Солардың бірі – жас ана Мереке Марапқызы. Ол «бұл өнерді тандауыма басты себеп – кейінгі буынға құрақ құрауды үзбей табыс ету», – дейді.

– Қазір еліміз дамып, өркендеп келе жатыр, алайда сонау әжелерімізден қалған көнеңің көзі болған құрақ құрау, кестелеу секілді төл өнерлеріміз ұмыт болып бара жатқанын көріп, ойлана келе, жас болсам да осы

қанмен берілген өнерімді жанаша деңгейде көздің жауын алатындай етіп жаңғыртуды, өзімнің алдымдағы және кейінгі буынға дәріптеп үлгі болуды ұйғардым. Жалпы, құрақ құрау идеясын маған қайын әпкем бойымдағы өнерді, шыдамдылықты байқап, сен мүмкін осы өнерді бастап көрерсің деген ой салды. Сол кезден бастап үздіксіз ізденіп, шынында осы өнер жанымға жақын екенін түсіндім және жаныммен беріліп жақсы көріп жасайтын кәсібіме айналды, – дейді көлөнерші.

Мерек кұрақ кұрау тұнып тұрған есеп екенін айтады. Сондықтан бұл өнермен айналысарда есепке жүйрік болу керектігін атап өтті:

– Құрақ құрау төзімділік пен ұқыптылықты, сонымен қатар қырағылықты талап етеді. Бұл идеялар алдымен өз

халқымның тарихын, шежіресін, салт-дәстүрін еске салады. Қай өрнекте қандай мағына деп іздену барысында жаңа идеялар келеді, сонымен қатар тұтынушымыздың да сұранысымен санаса отырып жасаймыз, – дейді Мереке.

Қолөнерші болашақта қазақы өнердің ұмыт болмай, көпшілікке кеңінен дәріптелуі керектігін айта келе, құрақтың басты мәнін түсіндірді:

– Қазақта құрақ көрпешені құрақтай болып құралып, көбей деген ниетпен береді. Құрақ құрау – әйел адамды ысырап жасаудан тыйып, үнемдеуге, төзімділікке, сабырлыққа үйретеді. Адам мінезін тигізер пайдасы өте көп. Құрақ көрпешені жас жубайлар береке-бірлікте, тату болсын, бастары құралып көбейсін деген ниетпен арнайы қызға жасау ретінде береді, – деді колөнер иесі.

HE?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

Экстремал



экстремалды түрлерінің бірі болғанмен, оған арнайы дене дайындығы қажет емес, тіпті 5 жасқа дейінгі балалар да ұшуына болады. Бастысы, қолайлы киім киіп, аздап жүгіруге дайын болу қажет. Қалғанының бәрін сіз үшін жел мен ауа толқындары орындайды. Самғау мүлде қауіпсіз, ал айналаңыздың бәрін мобильді телефоныңыздың камерасына түсіріп алуға болады. Бастысы, телефоныңызды мықтап ұстасаңыз болғаны.

Өтетін орны: Алматы облысы, Іле Алатауының баурайында.

Уақыты: күн сайын, демалыссыз, сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін.

147 жылдық тарих



жуық костюм тігілді. Киімнен бөлек, шеберлердің декорацияларды шынайы етіп жасауы, анимацияны ұтымды қолдана білуі балеттің бітім-болмысын айшықтай түсті. «Дон Кихот» оқиғасының желісі әркімге түсінікті, қабылдауға жеңіл. Пантомима мен кейіпкерлердің қай-қайсысы да маңызды. Қойылым барысында езуіне еріксіз күлкі үйреді. Сахнаның әр жерінде, әр бұрышында өмірдің қайнап жатқан көрінісінен хабарлар боласыз.

Өтетін орны: Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры.

Уақыты: 27 наурыз, сағат 18.00-де.

«Күшік құда»



тартса да, жарлы құда намысқа тырысып алғысы келмейді. Алайда, жалдамалы пәтер жағалап жүрген жарлы құда бай құдасының үйін паналап, апталап тұрып жатады. Соңында әйтеуір қалтасы ақшаға, жүрегі мейірімге толы бай құда жарлы құдасына жасырын түрде араға адам салып жаңа пәтердің кілтін береді. Оны жарлы құда өзі де сезбей қалады. Осылайша өзінше теңескен құдалар тату-тәтті өмірлерін жалғастырады.

Өтетін орны: барлық кинотеатрдан тамашалай аласыздар.

Уақыты: күн сайын, сағат 12.00, 15.45, 18.00, 23.30.

МЕРЕКЕ

Қош келдің, Әз-Наурыз!

Қала жұртшылығы Ұлыстың Ұлы күнін атап өтті



Динара
МҰРАТ

Биыл карантиндік шаралардан мезі болған Алматы жұртшылығы көктемнің алғашқы мейрамы Әз-Наурызды қуана қарсы алып, дүркірете тойлады десек, артық айтпаған болармыз. Әр ауданда концерттік бағдарламалар ұйымдастырылып, ұлттық дәстүрге сай ойындар ойнатылып, мол дастархан жайылды.

Әз-Наурызды жаңа жылдың бастауы деп санаған Алматының Алатау ауданының жұрты биылғы мерекелік бағдарламаны «Төрлет, Жаңа жыл!» деп атапты. «Алатау» дәстүрлі өнер театрының алдында өткен концерттік бағдарламаны театр ұжымы ұйымдастырған. Өнер ордасының әртістері халықпен жүздесіп, бетпе-бет концерт өткізуді әбден сағынған екен.

«Біз онлайннан шаршаған адамбыз. Театр халықпен өте тығыз байланыста. Сол себепті, халық пен әртістің ортасындағы байланыс болмаса, беу деп немесе қошеметтеп өнерпазға жамбоз болмаса өнерпаздың парқы болмайды. Қошеметсіз парқы қашады дейді ғой. Сол секілді, қошемет, ыстық ықыластар өте ерекше», – деді «Алатау серілері» тобының әншісі Жасұлан Мұсағали.

Жалпы, мұнда тектілігі тереңге тамырланған қазағымыздың ұлттық құндылықтары – домбырамен ән шырқау, халық әндері, ұлттық киім, қазақ биі, спорттық ойындар – арқан тарту, қол күрес, қолөнер көрмесі, бәрі-бәрі қамтылды. Естелікке суретке түсемін деушілерге ұлттық нақыштағы арнайы орын алаңы орнатылған. Берекелі дастарханнан наурызкөже ішіп, дәм татуға халық көп жиналды.

Ал **Түркісіб ауданы** Наурыз мерекесін «Көктем шақырады» атауымен тойлады. Мерекелік шарада Түркісіб ауданына қарасты мекемелер 10-нан астам киіз үй тігіп, беташар, тұсаукесер рәсімдерінен көріністер қойды.



Түркісіб ауданы тұрғындары ауа райының қолайсыздығына қарамастан, мерекеге ерекше дайындалған. Күмбірлеген күй мен әуелеген ән Наурыздың сәнін келтірді. Ұлттық нақышта киінген қариялар мен әжелер наурызкөжеден дәм татып, мерекенің мән-мағынасы жайлы ғибратты әңгіме өрбітті.

Алмалы ауданы тұрғындары Наурыз мейрамын Махатма Ганди атындағы саябақта атап өтті. Мерекелік концерт, қазақтың қазақы иттердің көрмесі мен наурызкөже! Мұнда той-думанды әжейлеріміз өздері атқарып шықты десек болады. Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының зейнеткерлері ән мен биден қойылымдар қойып, қолдан жасалған бұйымдарды ұсынды. Мерекеді сондай-ақ, төбет пен тазы көрсетілген Қазақстанның қазақы иттердің көрмесі ұйымдастырылды.

Мерекі танертеңнен кешке дейін қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті жерінде, Арбатта да аталып өтті. Мұнда алматылықтар тамаша этноконцерт тамашалай алды. Мысалы, жалынды лезгинка мен шығармашылық бірлестіктердің әндері

көрермендердің қошеметіне бөленді. Сонымен қатар, алматылықтар ұлттық ойындар ойнап, ұлттық тағамдардан дәм татып, шеберлік сабақтарына қатыса алды.

Бостандық ауданы тұрғындарына концерт ұйымдастырылды. Амфитеатр сахнасында халық шығармаларымен қатар заманауи композициялар шырқалды, ал азық-түлік жәрмеңкесі халық тағамдары мен тәттілерге толы болды. Іс-шараға кішкентайдан үлкенге дейін қатысты. Құрметті ақсақалдар бата беріп, көктем мерекесінің тарихы туралы әңгімелеп берді.

Іс-шараның ең жарқын оқиғасы, әрине, мерекелік концерт. Амфитеатр сахнасында алматылықтарға әскери оркестр, ардагерлер хоры және эстрада әртістері мерекелік көңіл күй сыйлады. Олар сүйікті халық шығармаларын орындады. Алматының Бостандық ауданында Наурыз мейрамы ерекше қонақжайлылықпен және жылы шыраймен атап өтілді.

Мерекі **Әуезов ауданында** да ерекше мазмұнда болды. Дәстүрлі музыканттар мен

бишілердің өнерін қазіргі заманғы әртістер жалғастырды. Аға буын өкілдері наурыздың биылғы жылы ұлттық нақышта өтіп жатқанын, ал жастар оның жаңа вайбта өтіп жатқанын атап өтті.

Дәмді тағамдар, әсерлі әндер мен билер, спорттық жарыстар барлығы ұлттық нақышта өтті. Әуезов ауданында Наурызды дәстүрге сай қарсы алды. Әсіресе, Ұлттық жарыстар халықтың ерекше ықыласына бөленді. «Қой көтеру» арқылы мықтыларды анықтаудың дәстүрлі тәсілі көп ұлтты жұртшылықтың үлкен қызығушылығын тудырды. Мерекелік фестивальге жасы мен этносына қарамастан барлығы қатысты.

Жетісу ауданы да қалыс қалмады. Арнайы жиналған жұртшылық үшін мерекелік концерт ұйымдастырылды. Жетісу ауданының жас жұлдыздары әсерлі әндер орындаса, оқушылар көрермендерді бимен қуантты.

«Көптен күткен мерекені барынша өз деңгейінде өткізуге тырыстық. Мұнда футбол ойындары ұйымдастырылып, концерт, қазақша күрес жүріп жатыр. Сонымен қатар, біз мол дастархан жайып, барлығына палау, наурызкөже, бауырсақ және басқа да тәттілерді дайындадық. Халық осындай мерекені сағынып қалыпты, ауа райы да адамдардың көңіл күйіне сай шуақты болып тұр», – деп атап өтті Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Көкебаева.

Алматы қаласы бойынша ең көлемді Наурыз мейрамы **Наурызбай ауданында** аталып өтті. Мерекеге 10 мыңнан аса адам қатысты, 18 қазақ киіз үйі тігіліп, әр киіз үй жанында салт-дәстүрден қойылым қойылды.

Әз-Наурызды ардақтап, Ұлыстың ұлы күнін ұлықтап келген аудан тұрғындары мен қала қонақтарының қуанышында шек болмады. Іс-шарада Қазақстанның халық әртісі Мақпал Жүнісова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Толқын Забиров, Бағлан Әбдірайымов және т.б. эстрада жұлдыздары өнер көрсетті.

Сонымен қатар, 1,5 тоннадан аса наурызкөже, 2000-нан аса адамға бауырсақ таратылып, 15 түрлі спорттық жарыстар, садақ ату, сиыр сауу, қосқар көтеру және құрақ көрпе көрмесі, балалар алаңы, тамақтану орындары ұйымдастырылды.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

Комедия

Рэй Куниндің «№13» атты шығармасы кімнің болса да көңілін бей-жай қалдырмайды. Отқа май құйғандай лезде тұтанған оқиға шиеленістері көрерменді жалықтырмасы анық. Күйбең тірлік. Қауырт жұмыс. Жауапсыз махаббат. Мұндай мәселелердің бәрін ағылшындықтар биімен жеңеді. Үзіліс жасайды. Бірақ бұл жағдай комедиялық туындыда ғана. Спектакльді аударған – Еркін Жуасбек, қоюшы-режиссері – Ержан Қауланов. Қойылымның оқиға желісінде жоғары лауазымды қызқұмар Ричард мырзаның өмірі көрініс тапқан. Басшы өзінің апынасы болып жүрген хатшысы Джейнді қонақүйге шақырады. Көңілдері күтпеген жерден мәйітке тап болып, одан құтылудың амалын іздейді. 2 бөлімді комедиялық туындының өзінді сәттері көпшілікті күлкіге қарқ қылады.

Өтетін орны: Абылай хан даңғылы, 38, Ғабит Мүсірепов атындағы театр.

Уақыты: 27 наурыз, сағат 18.30-да.

Жартас



Алматыда роуп-джамперлердің секіретін бірнеше сүйікті орны бар. Соның ішінде «Сұңқар» трамплинінің маңына секіргіштер жиі жиналады. Секірудің биіктігі нысан мен секіргіштің тәжірибесіне қарай белгіленеді. Жалпы, 45 метрден 180 метрге дейін жетуі мүмкін. Секіру турлары демалыс күндері, күн жылы болғанда ұйымдастырылады. Қалада осындай қызметті ұсынатын бірнеше команда бар. Биік нысандардың төбесінен, көпірлерден секіріп, бірнеше секунд еркін түсу үдеуін сезініп көріңіз. Альпинистердің арнаулы кәсіби созылмалы арқаны сізді құлаудан сақтайды. Мұнда 18-ден 60 жасқа дейінгі жүйкесі шыдамды адамдар секіре алады. Бұл секірудің ең қауіпсіз түрі болып табылады әрі өткір сезімдерді жаны сүйетіндердің арасында ерекше танымал.

Өтетін орны: Gorilla Zipline Sunkar.
Уақыты: күн сайын, сағат 12.00-ден 19.00-ге дейін.

Аниме



Республика сарайының төрінде «Ne prosto orchestra» оркестрі мен хорының орындауындағы «Наруто» және «Аватар» саундтректерінің концерті ұйымдастырылады. Сіздерді симфониялық оркестр мен аралас хордың орындауындағы керемет жанды дыбыстар күтеді.

Бұл концерт музыка мен аниме сүйер қауым үшін нағыз сыйлық.

Оркестр «Ne Prosto Orchestra» одағы дарынды және өз ісіне берілген музыканттардан құрылған топ. Оркестр құрамында республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаттары атағына ие музыканттар – солистер бар. Дирижері Мадияр Тойболды. 5 жастан асқан балаларға билеттер бөлек сатып алынады.

Өтетін орны: Республика сарайы.
Уақыты: 26 наурыз, сағат 15.00, 19.00-де.

«Ғасыр толғауы»



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде «Бабалар аманаты» жобасы аясында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай ұйымдастырылған Қазақстанның «Көркем еңбек» пәні мұғалімдерінің қатысуымен республикалық «Ғасыр толғауы» атты көрме ұйымдастырылады.

Шараға еліміздің түкпір-түкпірінен шығармашылықпен айналысатын үздік 100-ден астам ұстаздың туындылары қойылмақ. Сонау есте жоқ ескі заманнан бері келе жатқан ұлттық өнерімізді өскелең ұрпақтың бойына дарытып, бабаларымыздың киелі өнерін ғасырдан-ғасырға жеткізіп, тарих беттерінде алтын әріппен жазып қалдыру ұстаз міндеті ұрпақ парызы дейді ұйымдастырушылар.

Өтетін орны: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі.
Уақыты: 28 наурыз.

ДҮЙСЕНБІ
28 НАУРЫЗ

Almaty™ АЛМАТЫ

- 6.00 Концерт
8.00 Таңғы студия
10.00 Любимые мультфильмы
12.00 Үздік әзілдер
12.30 Телехикая. Гауһар
11 серия
14.00 Телехикая. Гюмюш
41 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Мультфильм
16.10 Телесериал.
Серебряный бор
21, 22 серия
18.10 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда
20.45 Телехикая. Гюмюш
41 серия
22.15 Телехикая. Гауһар
11 серия
23.15 Қорытынды
жаңалықтар/Итоговые
новости
0.15 Телехикая. Сенім
13 серия
1.15 Сәуле-ғұмыр
2.15 Өмір иірімі
3.35 Дала сазы
4.05 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Өнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Қазақ даласының
құпиялары». Деректі
фильм. («Qazaqstan»
Ұлттық телеарнасы,
2013 ж.)
6.25 «Másele». Әлеуметтік-
сараптамалық
бағдарлама.
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы
ақпаратты-сазды
бағдарлама.
Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Дениз». Телехикая.
12.00 «Ауыл мұғалімі».
Телехикая. («Qazaqstan»
Ұлттық телеарнасы,
2021 ж.)
13.00 AQPAPAT
13.10 «Қызық екен...»
13.50 «ТЕЛЕДӘРІГЕР».
Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Біздің полиция»
15.35 «АУЫЛДАСТАР»
16.10 «Ұлттық арнада –
Ұлыстың Ұлы күні».
Мерекелік жоба
17.00 AQPAPAT
17.15 «Қызық екен...»
18.00 «ДЕНИЗ». Телехикая.
19.00 ТҰСАУКЕСЕР! «ҚАРА
ГҮЛ». Телехикая.
(Түркия,
2013–2016 ж.ж.)
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ».
Қоғамдық-саяси ток-
шоу. Тікелей эфир.
21.30 «АУЫЛ МҰҒАЛИМІ».
Телехикая. («Qazaqstan»
Ұлттық телеарнасы,
2021 ж.)
22.30 «ЖАТ МЕКЕН».
Телехикая. (Түркия,
2021 ж.) (с субтитрами)
23.30 «Мұқағали. Бұл
ғасырдан емеспін...».
Телехикая. («Qazaqstan»
Ұлттық телеарнасы,
2021ж.)
0.20 AQPAPAT
0.55 «Ashyq alaŃ». Қоғамдық-
саяси ток-шоу.
1.45 «Ауылдастар»
2.15 Өнұран

ХАБАР

- 5.00 ҚР Өнұраны
5.00 Discovery. Сквозь
червоточину с
Морганом Фрименом
7.00 Тікелей эфирде
«Таңғы хабар»
10.00 Мегахит. «Стукач»

- 12.00 Телехикая. «Бәсеке»
13.00 Телехикая. «Бөлелер»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Discovery. Сквозь
червоточину с
Морганом Фрименом
18.00 Мегахит.
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Тұсаукесер! Тікелей
эфирде «Негізінде»
20.35 Тұсаукесер! «Ерекше
бақылауда»
20.45 Тұсаукесер! «Басқа
тақырып»
21.00 Итоги дня
21.30 Премьера! В прямом
эфире «По сути»
21.35 Телехикая. «Абай жолы»
22.30 Тікелей эфирде «Түнгі
хабар»
0.00 «Менің тағдырым»
деректі драмасы
1.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
(повтор)
08.30 Мультсериал «Маша и
медведь»
10.00 Үнді сериалы
«Ханшайым»
11.00 Түрік сериалы «Ұшқан
ұя» (қайталау)
12.00 «Күліп ALL»
12.30 Мультсериал «Тимон и
Пумба»
13.30 Т/сериал «Женатики»
14.10 Лиам Нисон в триллере
«Схватка» (повтор)
16.50 Т/сериал «СеняФедя»
(повтор)
18.30 Т/сериал «СеняФедя»
20.00 Информбюро
(русс./каз.)
21.00 Түрік сериалы
«Ұшқан ұя»
21.55 Үнді сериалы «Анупама»
23.30 КИНО. Джеки Чан в
боевике «Бесстрашная
Гиена»
01.30 Үнді сериалы
«Ханшайым»
(қайталау)
02.10 Сериал «Базарбаевтар»
03.40 Әзіл студия
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
7.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ,
ҚАЗАҚСТАН!»
8.00 «ДОБРОЕ УТРО,
КАЗАХСТАН!»
9.00 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
10.15 «МАЧЕХА».
Многосерийный фильм
14.0 «НОВОСТИ»
14.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
бағдарламасы.
Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ
ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ»
бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.40 Дмитрий Паламарчук,
Антон Васильев,
Андрей Гульнев,
Сергей Кошонин,
Мария Капустинская в
многосерийном фильме
«НЕВСКИЙ»
0.10 Андрей Смоляков,
Марина Александрова
в фильме «МОСГАЗ».
Новое дело майора
Черкасова. Катран
Ночной кинотеатр.
«ИСПАНЕЦ»
2.00 «НОВОСТИ»
2.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.30 «П@УТИНА»
бағдарламасы
3.15 «БАСТЫ
ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.45 «ТАМАША CITY»
бағдарламасы
До 04.30



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Jaidarman
08.00 Т/х «Серт пен сезім»
09.00 Х/с «Женский доктор»
10.00 Т/с «Гадалка»
10.30 Т/с «Осколки»
12.30 Скetchком «Q-елі»
13.20 Т/х «Бастық боламын»
14.20 Т/х «Серт пен сезім»
15.20 Т/х «Көзайым»
16.20 Т/с «Гадалка»
